

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 132-V Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз!

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат;

№ 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-құжаттар; № 4, 21-құжат; 2013 жылғы 25 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казақстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дербес деректер және оларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) м а з м ұ н ы н д а :

446-1-баптың тақырыбы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 446-2-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«446-2-бап. Тасымалдаушының кінәсінан рейс орындалмаған немесе кідірітілген немесе әуе кемесінің кеш келуі, тасымалдау маршрутының өзгеруі салдарынан рейс кідірітілген, орындалмаған кезде жолаушыға қызметтер ұсыну жөніндегі міндеттерді тасымалдаушының орындамауы не тиісінше орындамауы»;

447-2-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«447-2-бап. Қазақстан Республикасында халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бұзу»;

мынадай мазмұндағы 447-6-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«447-6-бап. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды т а с ы м а л д а у » ;

450, 452, 453, 454 және 458-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«450-бап. Теңіз және өзен көлігі кемелерінде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын бұзу»;

«452-бап. Кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді пайдалану қағидаларын бұзу, сондай-ақ кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығы жоқ а д а м н ы ң б а с қ а р у ы

453-бап. Кемелердің жүзу қағидаларын, сондай-ақ шағын көлемді кемелерді п а й д а л а н у қ а ғ и д а л а р ы н б ұ з у

454-бап. Кеме жүргізушінің немесе өзге де адамның алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқаруы » ;

«458-бап. Кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді тіркеу қағидаларын, сондай-ақ кемелерді жасау, техникалық пайдалану қағидаларын бұзу»;

мынадай мазмұндағы 458-1 және 458-2-баптардың тақырыптарымен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«458-1-бап. Порттағы құрылыстарды пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу

458-2-бап. Кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған авариялық

жағдайлар мен көлік оқиғаларын тергеу қағидаларын бұзу»;
459, 463, 547, 629 және 630-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда
ж а з ы л с ы н :

«459-бап. Көлікте темекі шегу»;

«463-бап. Маршруттық көлік құралдарын тоқтату, тұрғын аймақтарда жүру,
жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтамау және жол жүрісі
қағидаларын басқа да өрескел бұзу»;

«547-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган»;

«629-бап. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқарудан
шеттету және масаң күйін қуәландыру

630-бап. Көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу
және пайдалануға тыйым салу»;

2) 439-бап мынадай мазмұндағы жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«7. Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын жылжымалы теміржол
құрамының қалпына келтіруге жатпайтын жағдайға дейін зақымдануына әкеп соққан
б ұ з у ш ы л ы қ

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға –
бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық
есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын соның салдарынан жылжымалы
құрамды ағыту және жөндеуге беру талап етілетін көлемде зақымдануына жол берілген
б ұ з у ш ы л ы қ

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға –
жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз елу
айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Тасымалдау процесіне қатысушылардың уәкілетті органға теміржолдарда жол
берілген қауіпсіздікті бұзушылықтар туралы ақпаратты Теміржол көлігіндегі
қауіпсіздік қағидаларында белгіленген мерзімдерде бермеуі –
лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға
ә к е п с о ғ а д ы . » ;

3) 446-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«446-бап. Әуе кемесіндегі мінез-құлық қағидаларын бұзу

1. Әуе кемесіндегі адамның әуе кемесі командирінің немесе басқа да экипаж
мүшелерінің өкімдерін орындамауы, егер бұл адамның іс-әрекеттері ұшу қауіпсіздігіне
қ а т е р т ө н д і р м е с е

ескерту жасауға немесе екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл
с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Ұшудың барлық кезеңдерінде әуе кемесінің бортында ұялы, транкингітік

байланыс қызметтерін пайдалану, әуе кемесінің жермен жүруі, биіктікті алуы, қонуға бет алуы кезеңдерінде тұрмыстық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану –

ескерту жасауға немесе бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 446-1-бап алып тасталсын;

5) мынадай мазмұндағы 446-2-баппен толықтырылсын:
«446-2-бап. Тасымалдаушының кінәсінан рейс орындалмаған немесе кідірілген немесе әуе кемесінің кеш келуі, тасымалдау маршрутының өзгеруі салдарынан рейс кідірілген, орындалмаған кезде жолаушыға қызметтер ұсыну жөніндегі міндеттерді тасымалдаушының орындамауы не тиісінше орындамауы

1. Тасымалдаушының кінәсінан рейс орындалмаған немесе кідірілген немесе әуе кемесінің кеш келуі, тасымалдау маршрутының өзгеруі салдарынан рейс кідірілген, орындалмаған кезде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жолаушыға қызметтер ұсыну жөніндегі міндеттерді тасымалдаушының орындамауы не тиісінше орындамауы –

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) – бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

6) 447-1-баптың бірінші бөлігінің бірінші, екінші, үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . Мыналарды :

1) қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауды;

2) жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды ;

3) жолаушылар мен багажды облысаралық қаларалық автомобильмен тұрақты тасымалдауды ;

4) жолаушылар мен багажды облысаралық қаларалық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асырған кезде, жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларынсыз (тахографтарсыз) немесе ақауы жоқ осындай құрылғыларын ажыратып не толтырылмаған диаграммалық дискілермен немесе бұрын пайдаланылған

диаграммалық дискілерді қолдана отырып не электрондық (цифрлық) тахографтарды қолданған жағдайда электрондық карточкаларды пайдаланбай, сол сияқты жүгізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей (бақылау құрылғысының ақауы болған жағдайда) автокөлік құралын пайдалану –»;

7) 447-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«447-2-бап. Қазақстан Республикасында автомобильмен тасымалдаулардың рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста қолдану қағидаларын бұзу

1. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында көзделген жағдайларда, шетелдіктердің немесе шетелдік заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында автомобильмен халықаралық тасымалдауларды рұқсатсыз немесе арнайы рұқсатсыз жүзеге асыруы – автокөлік құралдарының жүгізушілеріне – жиырма бес, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Отандық тасымалдаушының рұқсат карточкаларында көрсетілмеген автокөлік құралына отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсатты пайдалануы – дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсат бланкілерін басқа отандық т а с ы м а л д а у ш ы ғ а б е р у і – дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

4. Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жүгізушінің келісілген жол жүру маршрутының схемасын бұзуы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Шетелдік тасымалдаушының Қазақстан Республикасында халықаралық қатынаста автомобильмен тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына сәйкес рәсімделмеген отандық рұқсатты пайдалануы – автокөлік құралдарының жүгізушілеріне айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

8) 447-4-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушыларды, багажды немесе жүктерді тасымалдау –»;

9) мынадай мазмұндағы 447-6-баппен толықтырылсын:

«447-6-бап. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды т а с ы м а л д а у

1. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды тасымалдау үшін жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында автокөлік құралдарымен ж о л а у ш ы л а р д ы т а с ы м а л д а у – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

10) 448-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Теңіз көлігінде кемелердің маневр жасауының және жүзуінің белгіленген тәртібін бұзу, нұсқалған қозғалыс жылдамдығын, дыбыс және жарық сигналдарын беру , кеме жарықтары мен белгілерін алып жүру талаптарын сақтамау, тыйым салынған жерлерде кемеңі әдейі тоқтату немесе аялдату, кемелерді сүйретіп жүзу тәртібін бұзу, сондай-ақ диспетчердің міндетті талаптарын орындамау –»;

11) 450-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«450-бап. Теңіз және өзен көлігі кемелерінде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын бұзу

Құтқару және авариялық құралдар мен жабдықтардың болмауы, толық жинақталмауы немесе оларды куәландыру мерзімі өткен соң пайдалану, теңіз және өзен көлігі кемелеріндегі түскіштер мен траптарды жабдықтау жөніндегі талаптарды б ұ з у –

жеке тұлғаларға – жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы . » ;

1 2) 4 5 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескерту. Осы Кодекстің 451 – 454, 457, 458, 458-2-баптарында шағын көлемді кемелер деп балық аулау, жүктерді тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, құрылыс, жол, гидротехникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық және мұзжарғышқа ілестіріп алып өтуді жүргізу, сондай-ақ су объектілерін ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін жасалған немесе жабдықталған кемелерді қоспағанда, ұзындығы жиырма метрден аспайтын, бортына алуға болатын адамдар саны он екі адамнан аспайтын кемені түсіну керек.»;

13) 452, 453, 454, 456 және 457-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«452-бап. Кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді пайдалану қағидаларын бұзу, сондай-ақ кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығы жоқ адамның басқаруы

1. Белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе техникалық қарап тексеруден (куәландырудан) өтпеген немесе борт нөмірлері мен белгілері жоқ немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған немесе ақауы болғандықтан оны пайдалануға тыйым салынған немесе жолаушылар сыйымдылығы нормаларының тиеу қағидаларын, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулерді бұза отырып, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару

ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқаруға құқығы жоқ адамның осы кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқаруы, сол сияқты осы кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығын растайтын құжаты жоқ адамның кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқаруы немесе басқару құқығы жоқ адамға осындай кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқаруға беру – үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі жоқ адамның жолаушылар кемесін басқаруы –

бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені кеме құжаттары болмаған кезде, сондай-ақ кеме құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып басқару – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені көрінеу жалған немесе қолдан жасалған борттық тіркеу нөмірлерімен және белгілерімен басқару – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Кемеге, оның ішінде шағын көлемді кемеге көрінеу жалған немесе қолдан жасалған борттық тіркеу нөмірлері мен белгілерін салу – жеке тұлғаларға және лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

453-бап. Кемелердің жүзу қағидаларын, сондай-ақ шағын көлемді кемелерді пайдалану қағидаларын бұзу

1. Өзен көлігі кемелеріндегі кеме жүргізушілерінің кемелер жүзуінің, дыбыстық және жарық сигналдарын берудің, кеме жарықтары мен белгілерін алып жүрудің белгіленген тәртібін бұзуы – жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерінің белгіленген жылдамдықты арттыруы, навигациялық белгілердің талаптарын сақтамауы, тыйым салынған жерлерде кемені әдейі аялдатуы немесе тоқтатуы, гидротехникалық құрылыстарды немесе техникалық құралдарды және кеме қатынасы мен навигациялық жағдай белгілерін зақымдауы, маневр жасау, дыбыс сигналдарын беру, борт жарықтары мен белгілерін алып жүру қағидаларын бұзуы – ескерту жасауға немесе екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге шағын көлемді кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Кеме жүргізушілердің өзен көлігі кемелерін орналастыру мен тоқтатудың белгіленген тәртібін бұзуы – ескерту жасауға немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерінің кеме билетінде көрсетілген кемені жинақтау және жабдықтау нормаларын бұзуы, навигациялық сигнал жарықтарымен жабдықталмай тәуліктің қараңғы уақытында жүзуге шығуы, жағажайлардағы суға түсу шекарасының қоршауына және басқа да ұйымдастырылған суға түсу орындарына елу метрден таяу жерге жақындауы – ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

454-бап. Кеме жүргізушінің немесе өзге де адамның кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық

1. Кеме жүргізушінің кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сондай-ақ осындай кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі кеме жүргізушінің басқаруына беру – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

2. Авариялық жағдай туғызуға әкеп соққан нақ сол әрекеттер – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Кеме жүргізушілердің алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйін белгіленген тәртіпке сәйкес куәландырудан өтуден жалтаруы – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

4. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамдардың басқаруына жол беру – жеке тұлғаларға – он бес, кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді пайдалануға жауапты лауазымды адамдарға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

«456-бап. Өзен порттары мен кемежайларда жүктерді тиеу, түсіру және қоймаға жинау қағидаларын бұзу

Өзен порттары мен кемежайларда жүктерді тиеудің, түсірудің және қоймаға жинаудың техникалық шарттарын, кемеде жүктерді бекітудің техникалық шарттарын бұзу, жүкті тиеу (түсіру) актісін ресімдемеу – айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

457-бап. Шағын көлемді кемелердің тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларын бұзу

1. Шағын көлемді кемелердің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) шағын көлемді кемелерді базаға қою нормаларын, базаларды (құрылыстарды) пайдалану қауіпсіздігіне арналған шарттар мен техникалық талаптарды бұзу, сол сияқты көрсетілген базаларда (құрылыстарда) белгіленген тәртіппен тіркелмеген шағын көлемді кемелерді ұстау –

жеке тұлғалар мен лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

лауазымды адамның сұрау салуы бойынша тергеу жүргізу үшін қажетті материалдарды , анықтамаларды, түсініктемелерді, кеме құжаттарынан үзінді көшірмелерді не басқа да ақпаратты бермеу немесе уақтылы бермеу – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

16) 459-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«459-бап. Көлікте темекі шегу

1. Поездар мен теңіз және өзен көлігі кемелерінде белгіленбеген жерлерде темекі шегу – айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Әуе кемесінің бортында, жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автобустар, шағын автобустар, троллейбустар, таксилер және қалалық рельстік көлік салондарында темекі шегу – айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . » ;

17) 461-баптың 6-1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Жолаушыларды, багажды автомобильмен тұрақты немесе тұрақты емес тасымалдауды, сондай-ақ жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық қарап тексеруден өтпеген автокөлік құралдарын пайдалануға шығару, сондай-ақ рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық қарап тексеруден өтпеген жүргізушінің басқаруына рұқсат беру – дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

18) 463-бапта :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:
«463-бап. Маршруттық көлік құралдарының тоқтау, тұрғын аймақтарда жүру, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтамау және жол жүрісі қағидаларын басқа да өрескел бұзу» ;
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының арнайы рұқсатсыз, оның ішінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану арқылы тіркелетін жүріп өтуі – жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге – екі жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері

болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.» ;

мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктермен толықтырылсын:

«3-1. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының арнайы рұқсатта көрсетілген параметрлердің бірін асыра отырып не маршруттан немесе мерзімнен ауытқи отырып, жүріп өтуі –

жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге – жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3-2. Барынша рұқсат етілген массасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген автокөлік құралының жол берілген жалпы массасынан асып түсетін өзі аударғышпен ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары арқылы жүктерді тасымалдау –

жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз жетпістен екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз елуден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3-3. Автокөлік құралын тиеу процесінде жүк жөнелтушінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, рұқсат етілген салмақтық және көлемдік параметрлерді асыруы –

жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге – айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .» ;

19) 480-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .» ;

20) 481-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүктерді тасымалдауға арналған теміржол жылжымалы құрамын қоспағанда, контейнерлерді, жүзетін және басқа да көлік құралдарын, сондай-ақ тасымалдау құралдарын зақымдау –» ;

21) 484-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының көлік заңнамасын жүйелі түрде бұзушылық, яғни бір жыл ішінде осы Кодекстің 447-1 (екінші бөлігінде), 447-3, 447-5, 460, 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын

бұзушылық болып табылған кезде, екінші, үшінші, 3-1 және 3-2-бөліктерінде), 467-1-баптарында көзделген құқық бұзушылықтарды үш және одан да көп рет жасау – жеке тұлғаларды – көлік құралдарын басқару құқығынан алты ай мерзімге айыруға және көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

22) 541-баптың бірінші бөлігіндегі «446 (екінші бөлігінде), 446-1,» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

2 3) 5 4 3 - б а п т а :
б і р і н ш і б ө л і к т е :

«электр көлігімен» деген сөздер «рельстік көлікпен» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«446 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «446» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«485-487,» деген цифрлардан кейін «490,» деген цифрлармен толықтырылсын;
е к і н ш і б ө л і к т е :

2) тармақша «396 (бірінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздерден кейін «490,» деген цифрлармен толықтырылсын;

3) тармақша «441,» деген цифрлардан кейін «446,» деген цифрлармен толықтырылсын ;

7) тармақшадағы «электр көлігімен» деген сөздер «рельстік көлікпен» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 4) 5 4 7 - б а п т а :

тақырып пен мәтіндегі «Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу» деген сөздер «Азаматтық авиация» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлік «446 (бірінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «446-2,» деген цифрлармен толықтырылсын ;

2 5) 5 4 8 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

«453 (бірінші, үшінші бөліктерінде)» және «454 (төртінші, бесінші бөліктерінде)» деген сөздер тиісінше «453 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)» және «454 (төртінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«458,» деген цифрлардан кейін «458-1, 458-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу болып табылатын кезде, екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылатын кезде, екінші, үшінші, 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«479 - 481 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда)» деген сөздер «479 - 480 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 480-1, 481» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«, 490» деген цифрлар алып тасталсын;
екінші бөліктің үшінші абзацында:

«463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу болып табылатын кезде, екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылатын кезде, екінші, үшінші, 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«479, 480, 481 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда)» деген сөздер «479-480 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 480-1, 481» деген сөздермен ауыстырылсын;

«, 490» деген цифрлар алып тасталсын;
26) 555-баптың екінші бөлігінде:

«461 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, 6-1) бөліктерінде)» деген сөздер «461 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, 6-1, сегізінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын; «463 (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «463 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 629 - бапта:

тақырып пен бірінші бөлік «Көлік құралын,» деген сөздерден кейін «кемені, оның ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөліктің бірінші абзацында:

«Көлік құралын,» деген сөздерден кейін «кемені, оның ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

«медициналық емес» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөлік «Көлік құралын,» деген сөздерден кейін «кемені, оның ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөліктегі «көлік жүргізуден» деген сөздер «көлік құралын, кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені басқарудан» деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 630 - бапта:

тақырып «Көлік құралын,» деген сөздерден кейін «кемені, оның ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлікте:

бірінші абзацта:

«463 (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «463 (екінші, үшінші, 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«көлік құралдарын,» деген сөздерден кейін «кемелерді, оның ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

«(эвакуаторды),» деген сөзден кейін «кемені немесе» деген сөздермен толықтырылсын;

«немесе тұрақтарға» деген сөздер «, тұрақтарға немесе стационарлық көліктік

бақылау бекетіне іргелес жатқан алаңдарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Кодекстің 447-2, 447-4, 463 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде)-баптарында көрсетілген құқық бұзушылықтар жасалған кезде, осы баптың екінші бөлігінде аталған уәкілетті лауазымды адам шетелдіктерге немесе шетелдік заңды тұлғаларға тиесілі көлік құралдарын, оларды уақытша сақтау үшін арнайы алаңдарға, тұрақтарға немесе стационарлық көліктік бақылау бекетіне іргелес жатқан алаңдарға жеткізу арқылы, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды) пайдалана отырып жеткізу арқылы әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалғанға дейін ұстауға, жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы.»;

үшінші абзацтағы «немесе тұрақтарға» деген сөздер «, тұрақтарға немесе стационарлық көліктік бақылау бекетіне іргелес жатқан алаңдарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші, үшінші және төртінші бөліктер «Көлік құралын,» және «көлік құралын,» деген сөздерден кейін «кемені, оның ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

29) 634-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сертификатталған, арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарының, сондай-ақ сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен автоматты режимде жұмыс істейтін және жолдағы жағдайды фото-, бейнетүсірілім арқылы көлік құралы қозғалысының жылдамдығы мен бағытын, жол жүрісіне басқа да қатысушылардың іс-қимылдарын айқындау арқылы автомобиль көлігі және жол жүрісі қауіпсіздігі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалуын тіркейтін бақылау аспаптарының көрсеткіштері себеп болып табылады.»;

30) 636 - бапта:

бірінші бөліктің 1) тармақшасында:

екінші абзацта:

«446 (екінші бөлігі),» деген сөздер алып тасталсын;

«484» деген цифрлар «484(бірінші және екінші бөліктер)» деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма жетінші абзацтағы «446-1» деген цифрлар «484 (үшінші бөлігінде, әуе көлігінде бұзушылықтар жасағаны үшін)» деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма тоғызыншы абзацта:

«356» деген цифрлар «317-1 (көлік саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзушылықтар бойынша), 356» деген сөздермен ауыстырылсын;

«357-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«484» деген цифрлар «484 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда)» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның лауазымды

адамдарының (175 (екінші бөлігі) (бұл бұзушылықтарды жолаушыларды тасымалдаушылар жасаған кезде), 451 (екінші бөлігі), 452, 453 (екінші және үшінші бөліктері), 454, 455 (үшінші бөлігі), 457, 477 (төртінші бөлігі), 478, 479, 480 (үшінші және төртінші бөліктері), 481 (автомобиль көлігінде және қалалық рельстік көлікте құқық бұзушылықтар жасағаны үшін)-баптарында);»;

31) 638-баптың екінші бөлігіндегі «және 188» деген сөздер «, 188, 357-2 (бірінші бөлігі), 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 447-5, 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылған кезде, екінші және үшінші, 3-1, 3-2 және 3-3-бөліктерінде) және 467-1» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

32) 639-баптың 1-1-бөлігінің бірінші абзацы «жол жүрісі қауіпсіздігі саласында» деген сөздерден кейін «және автомобиль көлігі саласында» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат):

66-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

« 4 . А р н а й ы с у п а й д а л а н у :

1) мынадай су тарту құрылыстарын: тереңдігі жиырма метрге дейінгі шахталы және құбырлы сүзгілі құдықтарды, сондай-ақ орталықтандырылған сумен жабдықтау үшін пайдаланылмайтын су тұтқыш қабаттың үстіңгі бетінің біріншісінен тәулігіне барлық жағдайда елу текше метрден көп емес су алынып, деңгейі мәжбүрлі төмендетілмей жұмыс істейтін шегендеу құрылыстарын пайдалану;

2) кемең және оның технологиялық жабдығының жұмысын қамтамасыз ету үшін су объектілерінен теңіз кемелерінің су тартуы кезінде рұқсат талап етілмейді.».

3. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; 2013 жылғы 25 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дербес деректер және оларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 25-2-тараудың және 240-2-баптың тақырыптарымен толықтырылсын:

«25-2-тарау. Азаматтық авиацияның авиация персоналына жататын қызметкерлердің еңбегін реттеудің ерекшеліктері 240-2-бап. Азаматтық авиацияның авиация персоналына жататын қызметкерлердің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі»;

2) мынадай мазмұндағы 25-2-тараумен толықтырылсын:
«25-2-тарау. Азаматтық авиацияның авиация персоналына жататын қызметкерлердің еңбегін реттеудің ерекшеліктері 240-2-бап. Азаматтық авиацияның авиация персоналына жататын қызметкерлердің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі

Ұшу қауіпсіздігіне тікелей байланысты азаматтық және эксперименттік авиацияның авиация персоналына жататын қызметкерлердің еңбегі «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодекспен және азаматтық авиация саласындағы халықаралық стандарттар мен нормативтер ескеріле отырып, жұмыс уақыты мен еңбек уақыты режимі ұзақтығының ерекше нормаларын белгілейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.»

4. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5 - 6, 30 - құжат):

49-баптың 1-тармағы 38) тармақшасындағы «алым республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады.» деген сөздер «алым;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 39) тармақшамен толықтырылсын:
«39) азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады.»

5. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат

; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 68-1-тараудың және 476-1, 476-2, 476-3 және 476-4-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«68-1-тарау. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым
476-1-бап. Жалпы ережелер
476-2-бап. Алым төлеушілер
476-3-бап. Алым мөлшерлемелері
476-4-бап. Есептеу және төлеу тәртібі»;

2) 55-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым;»;

3) 244-1-баптың 3-тармағы 1) тармақшасы төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен авиакомпания белгілеген және жариялаған кестеге сәйкес орындалатын рейс тұрақты рейс деп танылады»;»;

4) 366-баптың 2-тармағы 2) тармақшасындағы «көлік құралдары салық салу объектілері болып табылмайды.» деген сөздер «көлік құралдары;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасы халықаралық кеме тізілімінде тіркелген теңіз кемелері салық салу объектілері болып табылмайды.»;

5) 367-баптың 1-тармағында кестенің 8-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

«

	<p>Мыналар:</p> <p>кез келген санаттағы поездарды магистральдық жолдармен жүргізу үшін; магистральдық, станциялық және тар табанды және (немесе) кең табанды кірме жолдарда маневр жұмыстарын жүргізу үшін;</p>	<p>көлік құралының жалпы қуатының әрбір</p>
--	---	---

8.	өнеркәсіптік теміржол көлігі жолдары мен магистральдық және станциялық жолдарға шықпайтын жолдарда пайдаланылатын теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамы	киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы
	Тар табанды және кең табанды магистральдық және станциялық жолдармен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын моторлы-вагонды жылжымалы құрам, сондай-ақ қалалық рельстік көліктің көлік құралдары	көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы

» ;

6) 456-бап мынадай мазмұндағы 6.1.7., 6.1.8., 6.2.6., 6.2.7., 6.3.7. және 6.3.8.- ж о л д а р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«

6.1.7.	қалалық рельстік көлік	0,25
6.1.8.	теміржол тартқыш, сондай-ақ моторлы-вагонды жылжымалы құрам	0,25

» ;

«

6.2.6.	қалалық рельстік көлік	0,25
6.2.7.	теміржол тартқыш, сондай-ақ моторлы-вагонды жылжымалы құрам	0,25

» ;

«

6.3.7.	қалалық рельстік көлік	0,25
6.3.8.	теміржол тартқыш, сондай-ақ моторлы-вагонды жылжымалы құрам	0,25

» ;

7) 461-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы «2 еселенген» деген сөздер «3 еселенген» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) тармақшадағы «10 еселенген» деген сөздер «20 еселенген» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8) 471-бап мынадай мазмұндағы 1.22-1.-жолмен толықтырылсын:

«

1.22-1.	Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызмет	6
---------	---	---

» ;

9) мынадай мазмұндағы 68-1-тараумен толықтырылсын:

«68-1-тарау. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым

476-1-бап. Жалпы ережелер

1. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым (бұдан әрі - алым) Қазақстан Республикасында әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растауға азаматтық әуе кемелерінің пайдаланушысын, авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыны, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын, азаматтық әуе кемесінің типін, азаматтық әуе кемесінің данасын, азаматтық авиацияның авиациялық

техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды, әуеайлақты, тікұшақ айлағын, авиациялық оқу орталығын, әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметін тексеріп қарауды ұйымдастыру бойынша, аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету ұйымдарын, аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтерін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның сертификаттауы үшін алынады.

2. Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей тоқсан сайын салық органдарына өзінің орналасқан жері бойынша алым төлеушілер туралы және салық салынатын объектілер туралы ақпаратты уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша береді.

476-2-бап. Алым төлеушілер

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің мүдделеріне орай азаматтық авиация саласында сертификаттауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

Құрылымдық бөлімшелер осындай құрылымдық бөлімшенің мүдделерінде азаматтық авиация саласында сертификаттауды жасаған кезде дербес алым төлеушілер ретінде қаралуы мүмкін.

476-3-бап. Алым мөлшерлемелері

1. Алым мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алым төлеу күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі осы баптың мәтіні бойынша – АЕК) мөлшері негізге алына отырып, штат санына, сертификаттау түріне және (немесе) қызмет саласына, әуе кемесінің салмағына және (немесе) оның қозғалтқыштарының санына, азаматтық авиация саласындағы сертификатталатын объектілердің класына (санаттарына) байланысты белгіленеді.

2. Азаматтық әуе кемесінің пайдаланушысын, авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын пайдаланушыны сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с№	Сертификаттау түрі	Пайдаланушының штат (адам) саны	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау үшін:		
1.1.		қоса алғанда 50 адамға дейін	1144
1.2.		51 адамнан қоса алғанда 200 адамға дейін	1232
1.3.		201 адамнан қоса алғанда 400 адамға дейін	1272
1.4.		401 адамнан қоса алғанда 600 адамға дейін	1319
1.5.		601 адамнан қоса алғанда 1 200 адамға дейін	1363
1.6.		1201 адамнан қоса алғанда 2000 адамға дейін	1407

1.7.		2001 адамнан астам	1458
2.	Авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыны сертификаттау үшін:		
2.1.		қоса алғанда 50 адамға дейін	743
2.2.		51 адамнан қоса алғанда 200 адамға дейін	831
2.3.		201 адамнан қоса алғанда 400 адамға дейін	871
2.4.		401 адамнан қоса алғанда 600 адамға дейін	918
2.5.		601 адамнан қоса алғанда 1 200 адамға дейін	962
2.6.		1201 адамнан қоса алғанда 2000 адамға дейін	1006
2.7.		2001 адамнан астам	1057

3. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын, азаматтық әуе кемесінің типін, азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р / с №	Әуе кемелерін сертификаттау түрі (санаты, салмағы)	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін:	
1.1.	ұшақтың ұшуға жарамдылығы	
1.1.1.	136000 килограмнан астам	450
1.1.2.	75000 килограмнан астам, қоса алғанда 136000 килограмға дейін	437
1.1.3.	2 қозғалтқышымен 30000 килограмнан астам, қоса алғанда 75000 килограмға дейін	328
1.1.4.	3 қозғалтқышымен 30000 килограмнан астам, қоса алғанда 75000 килограмға дейін	364
1.1.5.	4 қозғалтқышымен 30000 килограмнан астам, қоса алғанда 75000 килограмға дейін	401
1.1.6.	2 қозғалтқышымен 10000 килограмнан астам, қоса алғанда 30000 килограмға дейін	291
1.1.7.	3 қозғалтқышымен 10000 килограмнан астам, қоса алғанда 30000 килограмға дейін	328
1.1.8.	4 қозғалтқышымен 10000 килограмнан астам, қоса алғанда 30000 килограмға дейін	364
1.1.9.	5700 килограмнан астам, қоса алғанда 10000 килограмға дейін	54
1.1.10.	2250 килограмнан астам, қоса алғанда 5700 килограмға дейін	54
1.1.11.	750 килограмнан астам, қоса алғанда 2250 килограмға дейін	36
1.1.12.	750 килограмнан төмен	10
1.2.	тікұшақтың ұшуға жарамдылығы	
1.2.1.	10000 килограмнан астам	145
1.2.2.	1 қозғалтқышымен 5000 килограмнан астам, қоса алғанда 10000 килограмға дейін	91
1.2.3.	2 қозғалтқышымен 5000 килограмнан астам, қоса алғанда 10000 килограмға дейін	127

1.2.4.	1 қозғалтқышымен 3180 килограмнан астам, қоса алғанда 5000 килограмға дейін	54
1.2.5.	2 қозғалтқышымен 3180 килограмнан астам, қоса алғанда 5000 килограмға дейін	72
1.2.6.	1 қозғалтқышымен 2250 килограмнан астам, қоса алғанда 3180 килограмға дейін	54
1.2.7.	2 қозғалтқышымен 2250 килограмнан астам, қоса алғанда 3180 килограмға дейін	72
1.2.8.	1 қозғалтқышымен 2000 килограмнан астам, қоса алғанда 2250 килограмға дейін	54
1.2.9.	2 қозғалтқышымен 2000 килограмнан астам, қоса алғанда 2250 килограмға дейін	72
1.2.10.	750 килограмнан астам, қоса алғанда 2000 килограмға дейін	54
1.2.11.	750 килограмнан төмен	10
2.	Азаматтық әуе кемесінің типін сертификаттау үшін:	
2.1.	ұшақ	10 000
2.2.	тікұшақ	5 000
2.3.	басқа да ұшу аппараттары	1 000
3.	Азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттау:	
3.1.	ұшақ	1000
3.2.	тікұшақ	2000
3.3.	басқа да ұшу аппараттары	500

4. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р / с №	Қолданылу саласы	Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның штат саны	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	Жекелеген типтегі әуе кемелеріне шұғыл техникалық қызмет көрсету, оның ішінде ағымдағы жөндеу, ақауларды жою, агрегаттар мен жабдықтаушы бұйымдарды ауыстыру:		
1.1.		10 адамға дейін	346
1.2.		11 адамнан 40 адамға дейін	364
1.3.		41 адамнан 70 адамға дейін	382
1.4.		71 адамнан 100 адамға дейін	400
1.5.		101 адамнан 150 адамға дейін	419
1.6.		151 адамнан 200 адамға дейін	437
1.7.		201 адамнан астам	455
2.	Жекелеген типтегі әуе кемелеріне мерзімдік техникалық қызмет көрсету, оның ішінде авиациялық техниканың авиакөзғалтқыштарын ауыстыру, оларды ағымдағы жөндеу, авиациялық техникаға маусымдық және арнайы қызмет көрсету, авиациялық техникаға сақтау кезінде техникалық қызмет көрсету:		

2.1.		10 адамға дейін	418
2.2.		11 адамнан 40 адамға дейін	436
2.3.		41 адамнан 70 адамға дейін	454
2.4.		71 адамнан 100 адамға дейін	472
2.5.		101 адамнан 150 адамға дейін	491
2.6.		151 адамнан 200 адамға дейін	509
2.7.		201 адамнан астам	527
3.	Зертханалар жағдайында әуе кемелерінің агрегаттары мен жабдықтаушы бұйымдарына техникалық қызмет көрсету		218
4.	Әуе кемелері мен олардың агрегаттарының және жабдықтаушы бұйымдарының жағдайын бұлжытпай бақылау әдісін қолдану		145
5.	Күрделі жөндеусіз пайдаланылатын әуе кемесінің планеріне, авиақозғалтқыштары мен авиациялық техниканың жинақтаушы бұйымдарына бақылау-қалпына келтіру жұмыстары (жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары):		
5.1.		10 адамға дейін	236
5.2.		11 адамнан 40 адамға дейін	254
5.3.		41 адамнан 70 адамға дейін	272
5.4.		71 адамнан 100 адамға дейін	290
5.5.		101 адамнан 150 адамға дейін	309
5.6.		151 адамнан 200 адамға дейін	327
5.7.		201 адамнан астам	345
6.	Әуе кемесінің интерьерін жаңарту (қайта жабдықтау)		145
7.	Әуе кемесін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды және авиациялық техника әзірлеушісінің бюллетеньдері мен құжаттары бойынша пысықтауды орындау		218
8.	Әуе кемелерін, авиақозғалтқыштарды және жинақтаушы бұйымдарды (агрегаттарды), оларға жаңа ресурстар (қызмет мерзімдері) орнатып күрделі жөндеу:		
8.1.		10 адамға дейін	528
8.2.		11 адамнан 40 адамға дейін	546
8.3.		41 адамнан 70 адамға дейін	564
8.4.		71 адамнан 100 адамға дейін	582
8.5.		101 адамнан 150 адамға дейін	601
8.6.		151 адамнан 200 адамға дейін	619
8.7.		201 адамнан астам	637

5. Әуеайлақты сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

--	--	--

Р / с №	Әуеайлақ класы (санаты)	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	А немесе Б немесе В класы/санатталмаған	1349
2.	А немесе Б немесе В класы/І санат	1604
3.	А немесе Б немесе В класы/ІІ немесе ІІІ санат	2078
4.	Г класы/санатталмаған	1203
5.	Д класы/санатталмаған	948
6.	Е класы/санатталмаған	692

6. Тікұшақ айлағын сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды :

Р / с №	Тікұшақ айлағының типі	Тікұшақ айлағының класы	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	Жер беті деңгейінде орналасқан	Жабдықталмаған І, ІІ, ІІІ класс	364
2.		Ішінара жабдықталған І, ІІ, ІІІ класс	419
3.		Жабдықталған І, ІІ, ІІІ класс	510
4.	Жерден сәл биікте	Жабдықталмаған І, ІІ, ІІІ класс	328
5.		Ішінара жабдықталған І, ІІ, ІІІ класс	382
6.		Жабдықталған І, ІІ, ІІІ класс	437
7.	Палубалық тікұшақ айлағы немесе тікұшақ палубасы	Жабдықталмаған І, ІІ, ІІІ класс	255
8.		Ішінара жабдықталған І, ІІ, ІІІ класс	309
9.		Жабдықталған І, ІІ, ІІІ класс	328

7. Авиациялық оқу орталықтарын сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р / с №	Қолданылу саласы	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	Авиация персоналын даярлау	547
2.	Авиация персоналын қайта даярлау	510
3.	Авиация персоналының кәсіби деңгейін ұстау	474
4.	Авиация персоналын даярлау, авиация персоналын қайта даярлау	583
5.	Авиация персоналын даярлау, авиация персоналының кәсіби деңгейін ұстау	583
6.	Авиация персоналын қайта даярлау, авиация персоналының кәсіби деңгейін ұстау	547

7.	Авиация персоналын даярлау, авиация персоналын қайта даярлау, авиация персоналының кәсіби деңгейін ұстау	619
----	--	-----

8. Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметін тексеріп қарауды ұйымдастыру бойынша сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р / с №	Әуежайдың авиациялық қауіпсіздігі қызметінің тексеріп қарау бөлімшесінің штат саны	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі(АЕК)
1	2	3
1.	251 және одан көп адам	235
2.	201 адамнан 250 адамға дейін	224
3.	151 адамнан 200 адамға дейін	213
4.	101 адамнан 150 адамға дейін	202
5.	51 адамнан 100 адамға дейін	191
6.	50 адамға дейін	180

9. Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарын сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р / с №	Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органының (өкілдігінің, филиалының) штат саны	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	201 және одан көп адам	435
2.	101 адамнан 200 адамға дейін	324
3.	51 адамнан 100 адамға дейін	313
4.	21 адамнан 50 адамға дейін	302
5.	11 адамнан 20 адамға дейін	190
6.	10 адамға дейін	180

10. Аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтерін сертификаттау үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р / с №	Аэронавигациялық ұйымның (өкілдіктің, филиалдың) радиотехникалық жабдықтарды пайдалану және байланыс қызметтерінің штат саны	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	201 және одан көп адам	435
2.	101 адамнан 200 адамға дейін	324
3.	51 адамнан 100 адамға дейін	313
4.	21 адамнан 50 адамға дейін	302
5.	11 адамнан 20 адамға дейін	190
6.	10 адамға дейін	180

476-4-бап. Есептеу және төлеу тәртібі

1. Алым сомасы белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі және азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган сертификаттаудан өткізгенге дейін жеке және заңды тұлғалардың орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

2. Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік уәкілетті органға тиісті өтінім бергенге дейін сертификаттаудан өтуден алымдарды төлеген адамдар бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алым сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу жүргізілмейді.

Бұл ретте бюджетке төленген алым сомаларын қайтаруды немесе есепке жатқызуды салық органы сертификаттауды жүргізуге аталған тұлғаның өтінім бермегенін растайтын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген құжатты оларға ұсынғаннан кейін алым төлеушінің салықтық өтініші бойынша, осы Кодекстің 599 және 602-баптарында белгіленген тәртіппен оларды төлеу орны бойынша жүргізеді.»;

10) 534-баптың 1-тармағы 15) тармақшасындағы «жасағаны үшін мемлекеттік баж алынады.» деген сөздер «жасағаны үшін;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

«16) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін мемлекеттік баж алынады.»;

11) 540-бап 10) тармақшасындағы «50 процент мемлекеттік баж алынады.» деген сөздер «50 пайыз;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін – 25 пайыз мемлекеттік баж алынады.» ;

12) 547-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін – тиісті құжатты бергенге дейін;»;

13) 599-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы «алынатын алым» деген сөздер «алынатын, азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алынатын алым» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2013 жылғы 25 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

дербес деректер және оларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

159-баптың 5-тармағында:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) поездар мен теңіз және өзен көлігі кемелерінде белгіленбеген жерлерде;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) әуе кемесінің бортында, жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автобустар, шағын автобустар, троллейбустар, таксилер және қалалық рельстік көлік салондарында;».

7. 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; 2013 жылғы 25 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дербес деректер және оларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

121-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес қабылданған Кеден одағы органдарының шешімдерімен тарифтік жеңілдіктерді беру Кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылатыны анықталған жағдайларда, тарифтік жеңілдікті Қазақстан Республикасының Үкіметі береді.

Тарифтік жеңілдіктер берілетін тауарлардың тізбесін, сондай-ақ тарифтік жеңілдіктер беру тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.».

8. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 92, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдау – тарифтердің қолжетімді деңгейін және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықтың еркін жүріп-тұру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын жолаушыларды тасымалдау;

2) клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кеме жалдаушы) – тасымалдаушымен жасалған шартқа сәйкес көлікті пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға немесе мемлекет (атқарушы билік органдарының атынан);

3) көлік инфрақұрылымы объектілері – теміржол, трамвай жолдарын, жеңіл рельстік, монорельстік жолдар мен ішкі су жолдарын, автомобиль жолдарын, тоннельдерді, эстакадаларды, көпірлерді, вокзалдар мен станцияларды, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін, метрополитен желілерін, порттарды, порттағы құралдарды, кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды, әуеайлақтарды, әуежайларды, байланыс, навигация және көлік құралдарының қозғалысын басқару жүйелерінің объектілерін, магистральдық құбырды, сондай-ақ көлік кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де ғимараттарды, құрылыстарды, құрылғылар мен жабдықтарды қамтитын технологиялық кешен;

4) көлік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасайтын, жүктерді, жолаушыларды, бағажды тасымалдау, көлік құралдарын сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі қызметпен айналысатын заңды тұлға;

5) көліктік логистика – тасымалдың (тасымалдаудың) әрбір кезеңінде жүктер қозғалысының мониторингін қамтитын, әртүрлі көлік түрлерін (теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе) пайдалана отырып, оңтайлы маршрут бойынша жүк жөнелтушіден (өндірушіден) жүк алушыға дейінгі тасымалды (тасымалдауды) жоспарлау және басқару жөніндегі тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара байланысты іс-қимылдарының жиынтығы;

6) Қазақстан Республикасының көлігі – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе көлігі, қалалық рельстік көлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық құбыр көлігі;

7) қалалық рельстік көлік – қала және қала маңындағы аймақ шекараларында рельстермен жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік түрі (метрополитен, трамвай, жеңілрельстік, монорельстік көлік);

8) метрополитен – көліктің өзге түрлерінің желілерінен және жаяу жүргіншілердің оларға өту жолынан оқшауланған (бөлінген, бір деңгейдегі қиылыстары жоқ) жолдар бойынша жолаушылар мен бағажды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын қалалық рельстік көлік түрі;

9) тасымалдаушы – ақыға немесе жалданып жолаушыларды, бағажды, жүктерді және почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін және осыған лицензиясы немесе белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты бар, меншік

құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде көлік құралын иеленуші жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

10) тікелей аралас қатынас – бірыңғай көлік құжаты бойынша әртүрлі көлік түрлерімен жүктерді, жолаушылар мен бағажды тасымалдау;

11) уәкілетті мемлекеттік орган – көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.»;

2) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

«2-1-бап. Көліктік логистика қағидаттары

Көліктік логистика қағидаттары мыналар болып табылады:

1) з а ң д ы л ы қ ;

2) клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлану;

3) қ а у і п с і з д і к ;

4) с а қ т а л у ;

5) рәсімдердің тұтастығы;

6) тең қолжетімділік;

7) жаһандық көлік-логистика жүйесіне кірігу.»;

3) 3 - б а п т а :

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Магистральдық теміржол желісі жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекет меншігіндегі магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілері кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.»;

4) 6-баптың екінші бөлігінің алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«республика экономикасы мен халқының тасымалдауларға, оның ішінде жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдауларға және соларға байланысты көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.»;

5) 8 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жолаушылар көлігінің республикаішілік тұрақты маршруттарында жолаушыларды тасымалдауларды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушылар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, тиісті тасымалдауларды ұйымдастырған жергілікті атқарушы органдармен немесе олар уәкілеттік берген органдармен осы маршруттарға қызмет көрсетуге арналған шарттар жасасуы тиіс.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Метрополитенмен жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауларды ұйымдастыруды метрополитен орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.»;

б) 1 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«арнайы және әскери тасымалдауларды жүзеге асыруға өздерінің құзыреттері шегінде мемлекеттік органдардың талаптарын орындауға (бұл тасымалдауларды жүзеге асыруға жұмсалатын шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен өтеледі);»;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Жолаушы тасымалдау қағидаларында белгіленген уақыттан кешікпей тасымалдау басталғанға дейін жөнелту пунктіне келуге міндетті. Жөнелту пунктіне келу уақыты билетте көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

«Метрополитенмен жолаушыларды тасымалдау қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

7) 12-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Теміржол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль көлігі көліктік логистика қағидастарын қолдана отырып және көлік инфрақұрылымын пайдалана отырып, тікелей аралас қатынастар жүйесін құрайды.»;

8) 15-баптың үшінші бөлігіндегі «техникалық реттеу туралы» деген сөздер «техникалық реттеу саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

«15-1-бап. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу

Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады.»;

10) 21-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік жүктері мен объектілерін күзетуді, сондай-ақ теміржол, әуе көлігінде, метрополитенде өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізуді және өрт салдарларын жоюды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен әскерилендірілген күзет қызметтері мен өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асырады.»;

11) 23-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Метрополитеннің, станциялардың, порттардың, кемежайлардың, әуежайлардың,

Жеке тексеріп қараудың нәтижелері тексеріп қарауды жүргізетін адам мен өзіне қатысты жеке тексеріп қарау жүргізілген адам қол қоятын актімен ресімделеді.

6. Тексеріп қараудан, жеке тексеріп қараудан жалтаратын адамдар көлік инфрақұрылымы объектілеріне жіберілмейді, бұл туралы тиісті акт жасалады.

7. Егер жолаушыны және оның алып жүретін заттарын, оның ішінде қол жүгі мен багажын тексеріп қарау кезінде көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынған заттар мен құралдар табылмаса, осындай тексеріп қарау жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектісінің әкімшілігі жолаушының оған билеті бар қатынаспен немесе кезекті осындай қатынаспен жөнелтілуін қамтамасыз ететін қажетті шаралар қолдануға, ал жолаушы тасымалдаудан бас тартқан жағдайда, билеттің немесе оның пайдаланылмаған бөлігінің құнын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуге міндетті.

8. Тексеріп қарауды жүргізетін адамдар жолаушылар мен келушілерге қатысты ізетті және сыпайы болуға және олардың қадір-қасиетін түсіретін іс-әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

9. Көлік қызметі субъектілері жолаушылар мен келушілерді, олардың алып жүретін заттарын, оның ішінде қол жүгі мен багажын тексеріп қарауды жүргізу тәртібі мен талаптарына сәйкестігіне аттестаттауға жатады.

Көлік қызметі субъектілерін аттестаттауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

10. Тексеріп қарау жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектілерінің, оларға қатысты тексеріп қарау жүргізілмейтін адамдардың, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынған заттар мен құралдардың тізбелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

24-2-бап. Ақпараттық қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының аумағына келетін (оның аумағынан кететін) немесе Қазақстан Республикасының аумағында ауысып мініп транзитпен жүретін жолаушыларды теміржол (қала маңы қатынасынан және билет кассаларымен жабдықталмаған жерлерде жолаушыларды отырғызу жағдайларынан басқа), әуе және теңіз көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар, оның ішінде шетелдік тасымалдаушылар, сондай-ақ әуежайлардың пайдаланушылары уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді, сондай-ақ автоматтандырылған жүйелер мен дерекқор арқылы мәліметтерді нақты уақыт режимінде ұсынуды қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға мәліметтерді беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тасымалдауларға билеттерді ресімдеу

кезінде билеттер сатуды жүзеге асыратын тасымалдаушы немесе өзге де адам мынадай деректерді:

- 1) тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде);
- 2) ол бойынша жол жүру құжаты (билет) сатып алынатын жеке басты куәландыратын құжаттың түрін және нөмірін;
- 3) жөнелту орны мен күнін, межелеген пунктті, жүру маршрутының түрін (ауысып мінбейтін, транзиттік);
- 4) билеттер сатуды жүзеге асыратын тасымалдаушы немесе өзге де адам осы жолаушымен байланыса алатын байланыс деректерін (электрондық почтасының мекенжайын және (немесе) телефон нөмірін) жолаушының келісімімен жазуды қамтамасыз етеді.

4. Билеттерді сатуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар оларды ресімдеу кезінде мәліметтердің қазақ және орыс тілдерінде толтырылуын, ал халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде қосымша ағылшын тілінде толтырылуын қамтамасыз етуге міндетті.»;

13) 25-баптың екінші бөлігінде:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын жеке және заңды тұлғалардың сақтауына бақылауды және қадағалауды, оларды бұзушылықтарды анықтауды және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдануды;»;

7) тармақша алып тасталсын;

28) тармақшадағы «бақылауды қамтиды.» деген сөздер «бақылауды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 29) тармақшамен толықтырылсын:

«29) метрополитенде қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін және техникалық құралдардың күтіп-ұсталуын бақылауды қамтиды.».

9. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар

; № 2 , 8 - к ұ ж а т) :

1) 10-баптың 1-тармағының 18) тармақшасындағы «автобустарды, олардың базасында жасалған арнаулы автомобильдерді қоса алғанда;» деген сөздер «олардың базасында жасалған арнаулы автомобильдерді қоса алғанда, автобустарды, троллейбустарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 1-тармағының 29) тармақшасындағы «қалалық электркөлігі» деген сөздер «қалалық рельстік көлік» деген сөздермен ауыстырылсын.

10. «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 273-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 13-14, 54-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3 - құжат) :

1) 5-баптың төртінші абзацындағы «қалалық жер үсті электр көлігінде» деген сөздер «қалалық жерүсті рельстік көлікте» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, теміржол өтпелерін, қалалық рельстік көлік желілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысу;»;

3) 13 - б а п т а :

1-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін автомобиль және қалалық жерүсті рельстік көлік жүргізушілері мен басқа да қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін ж а ғ д а й ж а с а у ғ а ; » ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Автомобиль көлігімен және қалалық жерүсті рельстік көлікпен тасымалдау қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар арнайы қағидалар белгілей алады және жүктердің түрін, оларды тасымалдау ерекшеліктерін ескере отырып және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көлік құралдарының жүргізушілеріне қосымша талаптар қоя а л а д ы . » ;

4) 18 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

а л т ы н ш ы б ө л і к т е :

1-тармақшадағы «автобустар, олардың базасында жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда» деген сөздер «олардың базасында жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, автобустар, троллейбустар» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) тармақшадағы «мен автобустар, бұған қоса олардың шассилерінде жасалған арнайы автомобильдер» деген сөздер «және олардың шассилерінде жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, автобустар, троллейбустар» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

4-тармақтағы «техникалық реттеу туралы» деген сөздер «техникалық реттеу саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 19-баптың 5-тармағының үшінші бөлігіндегі «техникалық реттеу туралы» деген сөздер «техникалық реттеу саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын.

11. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

«1-2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген шектеулер әуежайлар қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.»;

2) 18-1-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әуежайлар қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген іс-қимылдарды жасағанға дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын өзінің аталған іс-қимылдарды жасау ниеті туралы уәкілетті органға хабарлама жіберуге міндетті.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақта көзделген талаптар әуежайлар қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілеріне қолданылмайды.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Әуежайлар қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі хабарлама жіберген кезде мынадай шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті:

1) өзге қызметтен алынатын табыстар оны жүзеге асыру үшін қажетті шығындарды жабуы тиіс;

2) қызметті жүзеге асыру тиісті көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) нарығында бәсекелестікті шектеуге әкелмеуі тиіс;

3) өзге қызметті жүзеге асыру табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері мен сапасының төмендеуіне әкеп соғатын, өндіріс пен реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін қажетті негізгі және қаржы қаражатын бөлуге әкеп соқпауы тиіс.

Әуежайлар қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілері тарапынан осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптарды бұзушылықтар анықталған кезде әуежайлар қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің өзге қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.».

12. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16, 71-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат):

мынадай мазмұндағы 23-1, 23-2 және 23-3-баптармен толықтырылсын:

«23-1-бап. Меншік нысандарына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін мемлекеттік бақылау

Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін мемлекеттік бақылау басшылардың немесе өзге де лауазымды адамдардың осы Заңның 10-3-бабында белгіленген іс-шараларды сақтау нысанына жүзеге асырылады.

23-2-бап. Меншік нысандарына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының белгіленген іс-шараларды сақтауына тексерулер жүргізу тәртібі

1. Меншік нысандарына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының осы Заңның 10-3-бабында белгіленген іс-шараларды сақтауына тексерулерді Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жылына кемінде бір рет жүргізеді.

2. Тексеруді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі әзірлеген және бекіткен тексеру парағына сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жүргізеді.

Тексеру парағы оларды сақтамау жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіруге әкеп соғатын, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйіне қойылатын талаптардың толық тізбесін қамтиды.

3. Тексеру тағайындау туралы акт негізінде тексеру жүргізіледі. Террористік тұрғыдан осал объектілерге тексеру жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары:

1) тексеру тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлікті;

3) тексеру парағын көрсетуге міндетті.

4. Тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ алға қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және жеті жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Тексеру тағайындау туралы актіні тексерілетін адамға табыс еткен кез тексеру жүргізудің басталған кезі деп саналады.

6. Тексеруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы ішкі істер органының қызметкері тексеру нәтижелері бойынша екі данада тексеру нәтижелері туралы акт ж а с а й д ы .

7. Тексеру нәтижелері бойынша ескертпелер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, тексерілетін адам оларды жазбаша түрде баяндайды. Ескертпелер және (немесе) қарсылықтар тексеру жүргізу нәтижелері туралы актіге қоса берілуі мүмкін, бұл туралы тиісті белгі жасалады.

8. Тексерілетін адамның қолындағы түпнұсқадағы құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшаларының көшірмелерімен бірге тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану және басқа да іс-қимылдар үшін тексерілетін адамға не оның уәкілетті өкіліне табыс е т і л е д і .

9. Тексеру жүргізу кезінде бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

10. Тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген тексерудің аяқталған мерзімінен кешіктірмей тексеру нәтижелері туралы актіні меншік нысандарына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектінің басшысына немесе өзге де лауазымды адамына табыс еткен күн тексеру аяқталған күн болып саналады.

23-3-бап. Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылау нәтижелері

1. Тексеру нәтижелері бойынша осы Заңда белгіленген іс-шараларды және оны іске асыру үшін қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын бұзушылық (орындамау) анықталған жағдайларда, меншік нысандарына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектінің басшысына немесе өзге де лауазымды адамына бұзушылықтарды жою туралы нұсқама он жұмыс күні ішінде табыс етіледі.

2. Нұсқама меншік нысандарына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектінің басшысына немесе өзге де лауазымды адамына жеке немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуі тиіс.

Хабарламалы тапсырыс хат арқылы почтамен не хабарламалардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз ететін электронды байланыс арналары арқылы электронды түрде жіберілген нұсқама почта немесе өзге де байланыс ұйымының жауабын алған күннен бастап не хабарламаны электронды түрде жіберген күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң табыс етілген болып саналады.

3. Тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындауды меншік нысандарына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектінің басшысы немесе өзге де лауазымды адамы оны табыс еткен (алған) күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады.».

13. «Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат):

1) заңның тақырыбы мен бүкіл мәтіні бойынша «Темір жол», «темір жол», «темір жолдармен», «темір жолдың», «темір жолдар», «темір жолдарды», «темір жолдарға», «Темір жолдарды», «темір жолда», «темір жолдардың», «Темір жолдармен», «темір жолдарда», «темір жолдағы» деген сөздер тиісінше «Теміржол», «теміржол», «теміржолдармен», «теміржолдың», «теміржолдар», «теміржолдарды», «теміржолдарға», «Теміржолдарды», «теміржолда», «теміржолдардың», «Теміржолдармен», «теміржолдарда», «теміржолдағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 10-1), 11-1), 32-1) және 32-2) тармақшалармен толықтырылсын :

«10-1) вокзал маңындағы аумақ – теміржол вокзалына кіреберіс және кірме жолдар, қоғамдық және жеке көліктің аялдама пункттері, қойылатын орындар, автомобиль тұрақтары, абаттандыру элементтері бар теміржол вокзалына іргелес жатқан аумақ;»;

«11-1) диспетчерлік реттеу – нақты уақыт режимінде тасымалдау процесінің операцияларын басқару және олардың мониторингі процесі;»;

«32-1) қауіпсіздікті басқару жүйесі – операцияларды жоспарлау, әзірлеу мен орындау, мониторинг және бақылау, талдау процестерін қамтитын және тасымалдау процесінің қауіпсіздігі жөнінде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге және адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіру қатерін азайтуға бағытталған, тасымалдау процесіне қатысушыны басқарудың өзара байланысты және өзара іс-қимыл жасаушы құрауыштарының жиынтығы;

32-2) қауіпсіздікті басқару жүйесінің аудиті – қауіпсіздікті басқару жүйесінің Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың және бағалаудың жүйелі процесі;»;

39), 40) және 41) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«39) магистральдық жолдар – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында

теміржол көлігінің жұмыс істеуіне және басқа мемлекеттермен теміржол қатынасын қамтамасыз етуге арналған, басты жолдардан (теміржол станциялары арасындағы аралық жолдардан, іргелес жатқан аралық жолдардың тікелей жалғасы болып табылатын, станциялар шекараларындағы және әдеттегідей, бағыттамалық бұрмаларда ауытқуы жоқ жолдар), сондай-ақ қабылдау-жөнелту жолдарынан (станция шекараларында поездарды қабылдауға, жөнелтуге, басып озуға, айыруға және өткізуге арналған жолдар) тұратын теміржолдар;

40) магистральдық теміржол желісі – халықаралық және республикаішілік теміржол қатынастарын қамтамасыз ететін, өзара жалғасқан магистральдық және станциялық жолдар, сондай-ақ электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілері, құрылғылар, жабдықтар, үйлер, құрылыстар, ғимараттар, вокзалдар және олардың жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті өзге де объектілер жүйесі;

41) магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтері – поездарды өткізу мен олардың қозғалысы үшін магистральдық теміржол желісін пайдаланумен байланысты, Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушыларға көрсететін қызметтер; »;

42) тармақша алып тасталсын;

44), 45), 47) және 49) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«44) пайдалану құжаттамасы – инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын пайдалану тәртібін көздейтін құжаттама;

45) поезд - Ұлттық инфрақұрылым операторы айқындаған маршрут бойынша жүретін, белгіленген сигналдары бар, жұмыс істеп тұрған бір немесе бірнеше тартқыш көлік құралдары (локомотивтері немесе моторлы-вагонды жылжымалы құрамдары) бар, құралған және тіркелген вагондар құрамы, вагонсыз локомотивтер, моторлы вагондар және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам;»;

«47) станциялық жолдар – станциялар шекараларындағы теміржолдар: станциялар шекараларындағы магистральдық жолдарды қоспағанда, сұрыптау, тиеу-түсіру, тартымдық, деполық, жалғастырғыш, арнайы теміржолдар;»;

«49) тасымалдау – жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін, жүктерді жөнелту пунктiнен межеленген пунктке апару;»;

мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен толықтырылсын:

«49-1) тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы – жолаушы, жүк жөнелтуші (жөнелтуші), жүк қабылдаушы (қабылдаушы), экспедитор;»;

53) және 54) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«53) тасымалдау процесі – теміржол көлігімен тасымалдауды дайындау, жүзеге асыру және аяқтау кезінде орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық

тұрғыдан өзара байланысты операциялар жиынтығы;

54) тасымалдау процесіне қатысушы – тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы, тасымалдаушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартқыш операторы, вагондар (контейнерлер) операторы;»;

мынадай мазмұндағы 54-1), 54-2) және 55-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«54-1) тасымалдау процесінің қауіпсіздігі (бұдан әрі – қозғалыс қауіпсіздігі) – қауіпті фактордың іске асу ықтималдығы мен оның салдарларының ауырлық дәрежесінің ұштасуын ескере отырып, адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруге, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге байланысты, тасымалдау процесі операцияларын орындау кезінде жол берілмейтін қатердің болмауы;

54-2) тасымалдаушы – жүктерді немесе жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген, тартқыш көлік құралдарын қоса алғанда, меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде жылжымалы құрамды иеленетін тұлға;»;

«55-1) теміржол вокзалының класы – теміржол вокзалының орындалатын жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) көлеміне және техникалық жарақтандырылуына қарай айқындалған мәртебесі;»;

56) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«56) теміржол вокзалы – класына қарай халыққа теміржол көлігімен тасымалдау және багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үйлердің, ғимараттардың (жолаушы платформаларын, вокзал өтпелерін және вокзал маңындағы аумақты қоса алғанда) және басқа да мүлік түрлерінің кешені;»;

59) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 60-1) тармақшамен толықтырылсын:

«60-1) теміржол көлігінің көмекші қызметі – тасымалдау процесінің қатысушысы болып табылмайтын және инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, оларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға;»;

64) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«64) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдауларды орындайтын заңды тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 64-1) және 64-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«64-1) Ұлттық жүк тасымалдаушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі

айқындайтын, акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдауларды орындайтын заңды тұлға;

64-2) Ұлттық инфрақұрылым операторы – акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, магистральдық теміржол желісін пайдалануды, күтіп-ұстауды, жаңғыртуды, салуды жүзеге асыратын және магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсететін заңды тұлға;»;

65) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«65) Ұлттық теміржол компаниясы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, дамудың жалпы бағыттарын айқындайтын және теміржол көлігі саласында қызметін жүзеге асыратын Ұлттық инфрақұрылым операторы, ұлттық тасымалдаушылар және өзге де үлестес заңды тұлғалар қызметінің бағыттарын үйлестіруді қамтамасыз ететін акционерлік қоғам;»;

3) 2 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Теміржол көлігінің мемлекеттік саясаты және жұмыс істеу қағидаттары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Теміржол көлігінің жұмыс істеуі мынадай қағидаттар:

1) Қазақстан Республикасының бірыңғай әлеуметтік-экономикалық кеңістігін сақтау және нығайту;

2) Қазақстан Республикасының бірыңғай көлік жүйесінің жұмыс істеуінің келісімділігі;

3) теміржол көлігі инфрақұрылымының тұтастығын және іркіліссіз жұмыс істеуін сақтау;

4) тасымалдау процесінің қауіпсіздігін, үздіксіздігін және іркіліссіздігін қамтамасыз ету;

5) көлік нарығының барлық субъектілерінің теміржол көлігі қызметтерін ұсынуға және алуға еркін қол жеткізуі;

6) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау;

7) тасымалдаулардың барлық қатысушылары үшін құқықтық және экономикалық кепілдіктердің бірыңғай стандартын қолдану негізінде жүзеге асырылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясат халық пен мемлекеттің тасымалдауларға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасауға бағытталған. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары:»;

11) тармақшадағы «кеңейту болып табылады.» деген сөздер «кеңейту;» деген

сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

«12) мемлекет, тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметі мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету;

13) көлік-логистика жүйесін дамыту және теміржолдар бойынша жүктердің көлік ағындарын арттыру болып табылады.»;

4) 3-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Тасымалдау процесіне қатысушылар жасалатын шарттарға, тасымалдау қағидаларына, инфрақұрылымдық қызметтерге қол жеткізу және оларды көрсету қағидаларына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес тасымалдау процесі операцияларын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.»;

5) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Магистральдық теміржол желісі жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Мемлекет меншігіндегі магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілері кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.»;

6) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Магистральдық теміржол желісі

1. Тасымалдаушылар магистральдық теміржол желісі бойынша тасымалдауларды Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Тасымалдаушы магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтері үшін Ұлттық инфрақұрылым операторына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерде ақы төлейді.

3. Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу құқығын Ұлттық инфрақұрылым операторы береді.

Ұлттық инфрақұрылым операторы магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне кемсітушіліксіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге және тасымалдаушыларға магистральдық теміржол желісін пайдалануға тең құқық беруге міндетті.

Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен айқындалады.

4. Ұлттық инфрақұрылым операторы магистральдық теміржол желісін пайдалануды, күтіп-ұстауды және жаңғыртуды, салуды жүзеге асырады.

Жаңа магистральдық жолдар салу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі

б о й ы н ш а ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . » ;

7) 6-2-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қала маңындағы – тиісті аумақтарда қала маңындағы аймақтардың бекітілген шекаралары шегінде қаланы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдаулар болып бөлінеді.»;

8) 8-баптың 5-тармағының үшінші бөлігіндегі «Ұлттық тасымалдаушыға» деген сөздер «ұлттық тасымалдаушыларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу

Жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

Жылжымалы құрам мен оның кепілін мемлекеттік тіркеу үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады.»;

10) 11-баптың 2-тармағындағы «техникалық реттеу туралы» деген сөздер «техникалық реттеу саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық инфрақұрылым операторының көрсетілетін қызметтері мен концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдардың көрсетілетін қызметтерінің бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.» ;

1 2) 1 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 22-2), 22-3) және 22-4) тармақшалармен толықтырылсын :

«22-2) теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесін бекіту;

22-3) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша көрсетілетін жолаушыларды тасымалдау қызметтеріне бағаларды айқындау әдістемесін бекіту;

22-4) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;»;

2 - т а р м а қ т а :

б) тармақшадағы «тіркеу» деген сөз «мемлекеттік тіркеу» деген сөздермен ауыстырылсын ;

1 1) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 26-1), 34-1) және 34-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«26-1) Қазақстан Республикасында теміржол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту;»;

«34-1) теміржол көлігіндегі табиғи монополия және реттелетін нарықтар субъектілерінің шикізат пен материалдар, қосалқы бөлшектер, жабдықтар, отын, энергия шығыстарының, техникалық ысыраптарының техникалық және технологиялық

үлгілік нормаларын бекіту;

34-2) теміржол вокзалдарының тізбесін олардың класына сәйкес бекіту;»;

13) 15-1 және 16-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«15-1-бап. Ұлттық тасымалдаушылар

1. Ұлттық тасымалдаушылар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Ұлттық тасымалдаушылар жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ арнайы және әскери тасымалдауларды орындайды.

16-бап. Тасымалдау процесін басқару

1. Ұлттық инфрақұрылым операторы магистральдық және станциялық жолдардағы қозғалысты диспетчерлік реттеуді қоса алғанда, Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларына сәйкес магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсетеді, тасымалдаушылармен шарттар жасасады.

2. Ұлттық инфрақұрылым операторы Техникалық пайдалану қағидаларының, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сай келмейтін жылжымалы құрамды магистральдық теміржол желісіне жібермеуге міндетті.

3. Ұлттық инфрақұрылым операторы концессионермен концессия шартын іске асыру үшін тараптардың өзара қарым-қатынастарын регламенттейтін шарт жасасуға міндетті.»;

14) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін теміржол станцияларының, разъездердің жұмыс режиміне қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды ашу және жабу тәртібін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және өзге де елді мекендердің жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен келісу бойынша уәкілетті орган аяқындайды.»;

15) 17-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Теміржол вокзалында билет кассалары, күтуге арналған үй-жайлар, санитариялық-тұрмыстық, оның ішінде мүгедектер мен халықтың баяу қимылдайтын топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету объектілері (оның ішінде жолаушыларды бірыңғай анықтамалық-ақпараттық орталықпен байланыстыратын объектілер), медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті сақтау пункті болуға тиіс.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ақпаратты беру тілдерді, мәтіндерді, Брайль қарпін, тактильдік қатынасты, ірі

қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектер үшін де қ а м т а м а с ы з е т і л е д і . » ;

4-тармақтағы «темір жол вокзалдарына кіреберістерді және таксилердің, сондай-ақ халыққа қызмет көрсетуге арналған жеке және қоғамдық автокөліктің тұрақ орындарын күтіп ұстауды» деген сөздер «вокзал маңы аумағын күтіп-ұстауды» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

16) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген негіздерден басқа, жұмыс беруші уәкілетті органның актісі негізінде теміржол көлігі қызметкерін м ы н а д а й :

1) диспетчерлік қызметтің, Ұлттық инфрақұрылым операторының тасымалдау процесін басқаруға және поездардың қозғалысына байланысты нұсқауларын о р ы н д а м а ғ а н ;

2) жұмыс уақыты режимін бұзған жағдайларда жұмыстан шеттетуге міндетті.»;

17) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«31-бап. Инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату олардың өмірлік цикл процесінде адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалауға, жасауға, пайдалануға, тасымалдауға, сақтауға, жөндеуге және кәдеге жаратуға қатысты Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының , сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2. Инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату процестері Техникалық пайдалану қағидаларына, техникалық регламенттерге, пайдалану құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

3. Инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, пайдалану, тасымалдау, сақтау және жөндеу процестерінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар пайдалану

құжаттамасында

белгіленеді.»;

18) 32-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың багажды, жүктер мен жүк-багажды тиеу, түсіру (босату) жөніндегі қызметті жүзеге асыруы кезінде тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторының қатысу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

19) мынадай мазмұндағы 32-1 және 32-2-баптармен толықтырылсын:

«32-1-бап. Тасымалдау процесіне қатысушыларға және теміржол көлігінің көмекші қызметтеріне қауіпсіздік бойынша қойылатын талаптар

1. Тасымалдау процесіне қатысушыларға және теміржол көлігінің көмекші қызметтеріне қауіпсіздік бойынша қойылатын талаптар Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларымен, Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларымен, Поездар қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықпен, Теміржол көлігіндегі сигнал беру жөніндегі нұсқаулықпен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

2. Тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушылар қауіпсіздікті басқару жүйесін әзірлеуге және енгізуге міндетті, оған қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган жүргізеді.

3. Жылжымалы құрам осы Заңның, Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

32-2-бап. Қауіпсіздік жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін жауаптылық

Тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметтері адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруге, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан, қауіпсіздік жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.»;

20) 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторы:

1) тасымалдау кезінде жүктердің сақталуын;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес, өздерінің қарауындағы теміржол көлігі объектілерінің әскерилендірілген күзетілуін;

3) теміржол көлігінде өртке қарсы профилактикалық жұмыстың жүргізілуін және өртті жоюды қамтамасыз етуге міндетті.»;

21) 35-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Ұлттық инфрақұрылым операторы осындай шешімнің қолданылу мерзімін белгілеуге, сондай-ақ уәкілетті органды, тасымалдаушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды дереу хабардар етуге міндетті.»;

22) 56-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «4. Кірме жолды пайдалану тасымалдау қағидаларына сәйкес тармақ иеленуші әзірлейтін және Ұлттық инфрақұрылым операторы бекітетін кірме жолдағы қозғалысқа қызмет көрсету және оны ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық негізінде жүзеге асырылады.»;

23) 57-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Кірме жолдардың магистральдық және станциялық жолдарға жалғасуы тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторының немесе концессионердің келісімімен жүзеге асырылады.»

Ұлттық инфрақұрылым операторы немесе концессионер кірме жолдарды магистральдық және станциялық жолдарға жалғастырудан бас тартқан жағдайда, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган шағымдарды қарауды жүзеге асырады.»;

24) 58-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын: «1. Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жол бойынша, сондай-ақ тиеу (түсіру) жөніндегі қызметті жүзеге асыру және маневрлік жұмыс кезінде қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруге құқылы.

2. Мемлекеттік көліктік бақылау органы, Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолда қозғалыс қауіпсіздігіне, жылжымалы құрамның, контейнерлердің, жүктердің сақталуына қатер төндіретін ақаулар тапқан кезде анықталған бұзушылықтар туралы акт жасалады.

Тармақ иеленуші көрсетілген актінің негізінде кірме жолдар қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға міндетті.

Тармақ иеленуші анықталған бұзушылықтарды актіде көрсетілген мерзімдерде жоймаған жағдайда, Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолдарға жылжымалы құрамды беруді және оны алып кетуді тоқтатады.»;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «4. Ұлттық инфрақұрылым операторы немесе тасымалдаушы кірме жолдардағы жылжымалы құрамды және контейнерлерді беру мен алып кетуді, маневрлік жұмыстарды тоқтата тұрудың әрбір жағдайы туралы мемлекеттік көліктік бақылау органына жазбаша түрде хабарлауға және кірме жолдағы қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы туралы актіні жасалған кезінен бастап бір тәуліктен кешіктірілмейтін

мерзімде жіберуге міндетті.»;

25) 59-баптағы «Магистралдық темір жол желісі операторының», «магистралдық темір жол желісі операторының» деген сөздер «Ұлттық инфрақұрылым операторының» деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 65-баптың 4-тармағы «билет кассалары» деген сөздерден кейін «, электрондық терминалдар және интернет-ресурстар» деген сөздермен толықтырылсын;

27) 67-баптың 1-тармағы 9) тармақшасындағы «тапсыруға құқығы бар.» деген сөздер «тапсыруға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) жазбаша талап ету бойынша тасымалдаушыдан (билет кассаларынан немесе жолаушылар агенттіктерінен) бұрын сатып алынған жол жүру құжаты (билет) бүлінген, жоғалған жағдайда, Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды тасымалдау қағидаларында белгіленген тәртіппен оның телнұсқасын алуға құқығы бар.

Бұрын қайтарылған жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша телнұсқа берілмейді.»

28) 76-баптың 3 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тасымалдауға құндылығы жарияланбай қабылданған багажды, жүкті, жүк-багажды жоғалтқаны, оның жетіспегені немесе бұзылғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушы мына мөлшерлерде:

1) жоғалтқан немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген багаждың, жүктің, жүк-багаждың құны мөлшерінде;

2) бұзылған (бүлінген) жағдайда багаждың, жүктің, жүк-багаждың құны төмендеген сома мөлшерінде жауапты болады.

Багаждың, жүктің, жүк-багаждың құны сатушының шотында, шартта көрсетілген баға негізге алынып, ал ол болмаған кезде салыстырмалы жағдайларда осыған ұқсас тауарлар үшін әдетте алынатын баға негізге алынып айқындалады.»;

«7. Тасымалдаушы, егер жүктің немесе багаждың, жүк-багаждың жоғалуы, жетіспеуі немесе бұзылуы (бүлінуі) өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жүктің, багаждың немесе жүк-багаждың жоғалуына, жетіспеуіне немесе бұзылуына (бүлінуіне) жауап береді.»;

29) 79 - 1 - бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жүк алушылар жүктерді уақтылы түсірмеген (босатпаған) кезде тасымалдаушы вагондар айналымының технологиялық мерзімінен және жүктерді түсіру (босату) мерзімдерінен (технологиялық уақытынан) тыс жиырма төрт сағаттан артық кідіртілген вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемақыны арттырады, бірақ он еседен аспайтын көлемде арттырады.»;

екінші бөліктегі «49-баптың» деген сөздер «осы Заңның 49-бабы» деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 83-баптың 2-тармағында орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді ;

31) 88-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:
«Тасымалдау процесіне қатысушылар мен жылжымалы теміржол құрамының иелері уәкілетті органға жылжымалы теміржол құрамына, сондай-ақ магистральдық, станциялық және кірме жолдарға жүргізілген жоспарлы жөндеу туралы ақпарат береді.» ;

3 2) 8 9 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы «әкесінің аты» деген сөздерден кейін «(бар болған кезде)» деген сөздермен толықтырылсын ;

2-тармақтағы «оның жеке басын куәландыратын құжаттың және салық төлеуші куәлігінің» деген сөздер «өзінің жеке басын куәландыратын құжаттың» деген сөздермен ауыстырылсын ;

33) 91-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы «әкесінің аты» деген сөздерден кейін «(бар болған кезде)» деген сөздермен толықтырылсын.

14. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 59-1) тармақшамен толықтырылсын:
«59-1) шағын көлемді кеме – балық аулау, жүктерді тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, құрылыс, жол, гидротехникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық және мұзжарғышқа ілестіріп алып өтуді жүргізу, сондай-ақ су объектілерін ластанудан және қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін жасалған немесе жабдықталған кемелерден басқа, ұзындығы жиырма метрден аспайтын, бортына алуға рұқсат етілген адамдар саны он екі адамнан аспайтын кеме;» ;

2) 3-баптың 1-тармағы 2) тармақшасындағы «соқтығысуы кезінде қолданылады.» деген сөздер «соқтығысуы кезінде;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Каспий теңізінде жүзуді жүзеге асыратын шағын көлемді кемелерге қолданылады.» ;

3) 4 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:
«15-1) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы

халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес теңіз көлігі мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын сертификаттау жөніндегі уәкілетті ұйымды а й қ ы н д а у ; » ;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) кеме құжаттарының тізбесін, кеме құжаттарын жүргізу қағидаларын және кеме құжаттарына қойылатын талаптарды бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 31-1) тармақшамен толықтырылсын:

«31-1) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес теңіз көлігі мамандарын даярлау куәліктерінің тізбесі мен нысандарын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының Теңіз әкімшілігі ретінде әрекет етеді.»;

3 - т а р м а қ т а :

8), 10), 11), 25) және 35) тармақшалар алып тасталсын;

55) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«55) теңіз портының акваториясын қоса алғанда, теңіз портының шекараларын а й қ ы н д а у ; » ;

мынадай мазмұндағы 55-1) тармақшамен толықтырылсын:

«55-1) теңіздегі кеме қатынасы аясында навигация және байланыс саласындағы қызметтерді ұсыну жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау;»;

4) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 5 - б а п . К а б о т а ж

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен уәкілетті орган берген рұқсат негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелер, сондай-ақ шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелер каботажды жүзеге а с ы р а д ы . » ;

5) 10-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелуге жататын кеме менің өз атауы болуға тиіс.

Меншік иесі кеме менің атауын береді және өзгертеді.

Кемелерге бірдей атаулар беруге жол берілмейді.»;

6) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде меншікке сатып алынған кеме Қазақстан Республикасының консулдық қызметі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын куәландыратын және кеме Теңіз кемелерінің

мемлекеттік кеме тізілімінде, Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркелгенге дейін, бірақ бір жылдан аспайтын уақыт жарамды болатын уақытша куәлік берген кезден бастап осындай қ ұ қ ы қ т ы п а й д а л а н а д ы . » ;

7) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«12-бап. Кемені шет мемлекеттің туын көтеріп жүруге у а қ ы т ш а а у ы с т ы р у

Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген кеме бербоут-чартер бойынша шетелдік кемені жалдаушының иеленуіне немесе пайдалануына берілген кезде, мұндай кеме уәкілетті органның шешімі негізінде, кейіннен әрбір екі жыл сайын ұзарту құқығымен екі жылдан аспайтын мерзімге, бірақ бербоут-чартердің қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге тиісті тізілімге тіркеліп және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрып, шет мемлекеттің туын көтеріп жүруге уақытша ауыстырылуы мүмкін.»;

8) 13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Кемені сенімгерлік басқаруға беру Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде міндетті мемлекеттік тіркелуге жатады.»;

9) 14-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Кеменің Қазақстан Республикасының Үкіметі тізбесін, жүргізу тәртібін және оларға қойылатын талаптарды айқындайтын кеме құжаттары болуға тиіс.»;
1 0) 1 6 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасындағы «тізілімінде мемлекеттік тіркелуге тиіс.» деген сөздер «тізілімінде;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«4) Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелуге жатады.»;

2, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар (оған ауыртпалықтар) Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында міндетті мемлекеттік тіркелуге жатады.

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар (бербоут-чартер бойынша жалдап алынған кемеге осы құқықтарды қоспағанда), осы құқықтарды шектеулер (ауыртпалықтар), олардың туындауы, ауысуы және тоқтатылуы Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелуге жатады.

Меншік құқығына және өзге де заттық құқықтарға қатысты шектеу (ауыртпалықтар) белгіленген кемені Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу

және аталған тізілімнен осындай кемеңі шығару, оның пайдасына тиісті шектеу (ауыртпалық) белгіленген тұлғаның жазбаша нысандағы келісімімен жүзеге асырылады.
» ;

«4. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде теңіз, жолаушылар, жүк-жолаушылар, мұнай құйылатын, сүйреткіш кемелер, қалқымалы бұрғылау құрылғылары, құрғақ жүк кемелері, қалқымалы крандар және техникалық флот кемелері (жер снарядтары және басқалар), сондай-ақ шағын көлемді кемелер болып табылмайтын кемелер тіркеледі.

5. Кеме кітаптарында шағын көлемді кемелер тіркеледі.

Салмағы қоса алғанда екі жүз килограмға дейінгі және қозғалтқыштарының (орнатылған жағдайда) қуаты қоса алғанда сегіз киловатқа дейінгі шағын көлемді кемелер, сондай-ақ ұзындығы тоғыз метрден аспауға тиіс, қозғалтқыштары жоқ және демалуға арналған орындармен жабдықталмаған спорттық желкенді кемелер мемлекеттік тіркелуге жатпайды.» ;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде жүктерді, жолаушыларды және олардың багаждарын халықаралық тасымалдаулар, сүйретіп жүзу үшін пайдаланылатын кемелер, оның ішінде бербоут-чартер бойынша пайдалануға берілген кемелер тіркеледі.

Егер кемелер шет мемлекеттердің кемелер тізілімдерінде тіркелген болса және Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу туралы өтініш берілген күні олардың жасалғанына жиырма жылдан асса, олар Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелуге жатпайды.» ;

11) мынадай мазмұндағы 18-3, 18-4 және 18-5-баптармен толықтырылсын:

«18-3-бап. Кемеңі бербоут-чартер тізілімінен шығару
Бербоут-чартер тізілімінен:

- 1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта жасау немесе кез келген басқа да өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан ;

4) осы Заңның 11-бабының 5-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған ;

5) Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес, оған қатысты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімнің күшін жойған кеме шығарылуға жатады

18-4-бап. Кемеңі Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен шығару
Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
2) конструкциялық жағынан күйреген;
3) қайта жасау немесе кез келген басқа да өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан ;

4) осы Заңның 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған ;

5) оған қатысты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімнің күшін жойған;

6) оған қатысты Қазақстан Республикасының аумақтық сулары шегінде сол кемеде қызметін жүзеге асыру фактісі анықталған кеме шығарылуға жатады.

18-5-бап. Хабарсыз жоғалып кеткен кеме

Егер қалыпты жағдайларда кеме туралы соңғы хабарлама келіп түскен жерден бастап межеленген портқа барғанға дейін қажетті мерзімнен екі есе асатын мерзім ішінде кемеден ешқандай хабар келіп түспесе, кеме хабарсыз жоғалып кеткен болып саналады. Кемені хабарсыз жоғалып кеткен деп тану үшін қажетті мерзім кеме туралы соңғы хабар алынған күннен бастап бір айдан кем болмауға тиіс, әскери іс-қимыл жағдайларында алты айдан кем болмауға тиіс.»;

12) 28-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кеме иесі өзінің кемесімен болған авариялық жағдай туралы хабарлама алған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде бұл туралы теңіз порты капитанына хабарлауға, сондай-ақ өзінің кемесімен болған авариялық жағдайды тергеу кезінде жәрдем көрсетуге міндетті.»;

13) 4-тарау мынадай мазмұндағы 28-1-баппен толықтырылсын:

«28-1-бап. Теңіз көлігі мамандарын даярлау (қайта даярлау)

1. Теңіз көлігі мамандарын даярлау (қайта даярлау) осы Заңның 4-бабы 2-тармағының 15-1) тармақшасына сәйкес айқындалған уәкілетті ұйым сертификаттаған білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуға тиіс.

2. Білім беру ұйымдары теңіз көлігі мамандарын даярлау (қайта даярлау) кезінде жүзу практикасын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.»;

14) 33-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Теңіз портының иесі тиісті мемлекеттік органдардың (көлік, кеден, шекара органдарының, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық және басқа да органдардың) лауазымды адамдарының бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруы үшін теңіз портына келетін кемелерге кіруін қамтамасыз етуге міндетті.»;

15) 39-баптың 2-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімін, бербоут-чартер тізілімі мен Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін жүргізуді және кемелердің мемлекеттік тіркелуін, тиісті кеме құжаттарын беруді;»;

14) тармақшадағы «бақылау жасауды жүзеге асырады.» деген сөздер «бақылау жасауды;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

«15) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша хаттамалар жасауды, іс жүргізуді жүзеге асырады.»;

16) 40-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Теңіз портының капитаны лауазымына арнаулы жоғары білімі, капитан дипломы және сауда мақсатында теңізде жүзу саласында кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.»;

17) 42-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тиісті мемлекеттік органдардың (кеден, шекара органдарының, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық және басқа да органдардың) нұсқамасы болғанда;»;

18) 74-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қауіпті жүкті тасымалдауға арналған кемеде шетелдің сыныптаушы қоғамы берген қауіпті жүктерді тасымалдауға кемеңің сәйкестігі туралы құжат болуы тиіс.

Қауіпті жүктерді тасымалдауға кемеңің сәйкестігі туралы құжат болмаған жағдайда, теңіз көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауға жол берілмейді.»

15. «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат):

1) 1-баптың 5) тармақшасындағы «электр көлігін» деген сөздер «рельстік көлікті» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 1-тармағындағы «электр көлігімен» деген сөздер «рельстік көлікпен» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы «электр көлігін» деген сөздер «рельстік көлікті» деген сөздермен ауыстырылсын.

16. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; ; 2012 ж., № 15, 97-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру жүйесі (бұдан әрі – шұғыл шақыру жүйесі) – шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерге Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар туралы қалыптасқан ақпаратты беруді қамтамасыз ететін, навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары мен деректерін пайдалана отырып жұмыс істейтін мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйе;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 2-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) автобус – жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар, жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған автомобиль көлігі құралы;»;

«2-1) автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері көрсететін қызметтер – жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды қамтамасыз етуге байланысты автовокзалдарда, автостанцияларда және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде жеке және (немесе) заңды тұлғалар жүзеге асыратын қ ы з м е т ; » ;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) автомобиль көлігі инфрақұрылымы – тасымалдау процесінің үздіксіздігін, сондай-ақ автокөлік құралдарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін құрылыстар (автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, жүк терминалдары, автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу станциялары (шеберханалары), автокөлік құралдарын сақтауға арналған қ ұ р ы л ы с т а р) к е ш е н і ;

6) автомобиль көлігі құралы (бұдан әрі – автокөлік құралы) – автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, троллейбустарды, автомобиль тіркемелерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ арнайы бейімделген автомобильдерді (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнаулы автомобильдерді (әртүрлі, көбінесе көлікке арналмаған жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын, автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі;»;

8) т а р м а қ ш а д а :

«автомобиль көлігі» деген сөздер «автокөлік» деген сөзбен ауыстырылсын;

«және соған белгіленген нысанда берілген лицензиясы немесе тиісті рұқсаты бар» деген сөздер алып тасталсын;

9-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1) ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі – клиенттердің тапсырыстарын оңдеуге және оларды такси жүргізушісіне беруге, оның ішінде аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып беруге арналған, тасымалдаушы немесе өзге тұлға құратын қызмет;»;

мынадай мазмұндағы 9-2) және 9-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-2) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы – метрологиялық салыстырып

тексеруден өткен, фото -, бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автокөлік құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және (немесе) көлемдік параметрлерін және қозғалыс жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық жабдығы;

9-3) әлеуметтік маңызы бар тасымалдаулар – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер ететін және тарифтердің қолжетімді деңгейі мен Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықтың еркін қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын тұрақты қатынаста жолаушыларды тасымалдаулар ; » ;

10) тармақшадағы «Жолаушылар мен багаж тасымалы ережелерінде» деген сөздер « Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларында» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 12-1) және 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-1) жолаушылар агенттігі – жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеуге қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін, тасымалдаушымен арадағы шарт негізінде өзінің сату пункттері арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату жөнінде қызметтер көрсететін тұлға ;

12-2) жолаушыларға қызмет көрсету пункті – жол жүру құжаттарын (билеттерді) және багаж түбіртектерін сату үшін, автокөлік құралдарының қауіпсіз аялдауына, жолаушыларды отырғызуға, түсіруге арналған алаңмен және жолаушыларды әртүрлі ауа райы жағдайларынан қорғауға арналған ғимаратпен жабдықталған, автовокзалдары немесе автостанциялары жоқ елді мекендерде жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған объект ; » ;

14) тармақша «шағын автобустарды» деген сөздерден кейін «, троллейбустарды» деген сөзбен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) жол жүру құжаты (билет) – ресімдеу арқылы жолаушыны тасымалдау шарты жасалатын қағаз немесе электрондық нысандағы құжат ;» ;

23-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«23-1) өзі аударғыш – жүкті түсіру үшін механикалық еңкейтілетін шанағы бар, жүкті өзі түсіретін автомобиль, тіркеме немесе жартылай тіркеме ;» ;

мынадай мазмұндағы 23-2) тармақшамен толықтырылсын:

«23-2) сервис орталығы (шеберхана) – тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға ;» ;

25-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25-1) таксимен тасымалдаушы – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ;» ;

мынадай мазмұндағы 25-2), 25-3) және 30) тармақшалармен толықтырылсын:

«25-2) таксометр – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау құнын (бағасын

) есептеуге арналған құрылғы;
25-3) тахограф – жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің механикалық не электрондық (цифрлық) бақылау құрылғысы;»;

«30) шұғыл қимылдайтын жедел қызметтер – Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарында жол-көлік оқиғалары мен өзге де төтенше жағдайлар кезінде шұғыл көмек көрсететін қызметтер.»;

2) 7 - б а п т а :

2-тармақ «шағын автобустармен» деген сөздерден кейін «, троллейбустармен» деген сөзбен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Таксимен тасымалдауды жүзеге асыру үшін кемінде төрт есігі бар, сериялы шығарылатын жеңіл автомобильдерді пайдалануға жол беріледі.

Таксимен тасымалдау үшін арнаулы, оның ішінде толықтай қолмен, рулі оң жақтан басқарылатын, сондай-ақ бүйір есігі төрт есіктен аз автокөлік құралдарын пайдалануға т ы й ы м с а л ы н а д ы . » ;

3) 9 - б а п т а :

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) электрондық (цифрлық) тахографтарға арналған электрондық карточкаларды сертификаттау, дайындау және беру тәртібі;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автобустарды, жүк автомобильдерін, оның ішінде арнайы бейімделген автомобильдерді :

1) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларынсыз (тахографтарсыз);

2) ажыратылған ақауы жоқ тахографпен;

3) толтырылмаған диаграммалық дискілермен;

4) бұрын пайдаланылған диаграммалық дискілерді қолданып;

5) электрондық (цифрлық) тахографтарды қолданған жағдайда, электрондық карточкаларды п а й д а л а н б а й ;

6) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей (бақылау құрылғысының ақауы болған жағдайда) пайдалануға жол б е р і л м е й д і . » ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастар алдында жеке немесе заңды тұлғалар уәкілетті органға белгіленген нысандағы хабарламаны «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жіберуге міндетті

. » ;

мынадай мазмұндағы 13-1) және 17-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-1) Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларын б е к і т е д і ; » ;

«17-1) тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері көрсететін қызметтердің ұлттық стандарттарын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізеді;»;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;»;

5) 14-баптың 2-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің тізілімін жүргізеді;»;

мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

«6-2) таксимен тасымалдаушы ретінде қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;»;

6) 15-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы «автомобиль көлігі саласындағы заңдарының» деген сөздер «автомобиль көлігі туралы заңнамасының» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л ы с ы н ;

7) 19-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қала маңы қатынасында жолаушылар мен багажды тасымалдау құнын тасымалдауларды ұйымдастырушы жергілікті атқарушы орган бекітетін тарифке сәйкес, тасымалдау қашықтығына қарай белгілейді.»;

8) 19-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін көліктік бақылау Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, сондай-ақ арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары арқылы автокөлік құралдары жүріп өткен кезде жүзеге асырылады.»;

9) 19 - 5 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттардың болуын ; » ;

2-тармақтағы «экипаждың» деген сөз «жүргізушілердің» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Көлік құралдарының нақты салмақтық және көлемдік параметрлерін тексеру және олардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген, жол берілетін параметрлерден асып кету шамасын айқындау арқылы ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуін көліктік бақылау мыналарды:

1) өлшеу құралы мен көлем шеңберлерін;

2) стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығын немесе жылжымалы мобильді т а р а з ы л а р д ы ;

3) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.»;

1 0) 1 9 - 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Автомобиль көлігінде кәсіпкерлік субъектілеріне тексеруді жүргізу кезінде уәкілетті органның лауазымды адамдары жарғымен және мына:»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) белгіленген маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру үшін қажетті (куәліктермен, қозғалыс кестелерімен, маршруттар схемаларымен, автовокзалдармен, автостанциялармен және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерімен жасасқан шарттармен, паспорттармен, к е л і с і м ш а р т т а р м е н) ; » ;

4) тармақшадағы «тиісті» деген сөз алып тасталып, «журналдарымен) құжаттармен танысады.» деген сөздер «журналдарымен);» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті (тахографтарды салыстырып тексеру жөнінде жұмыстар жүргізу құқығына аккредиттеу аттестаты, тахографты салыстырып тексеру туралы сертификат, тахографты кезеңдік тексеру туралы куәлік, тахографтармен жұмысты есепке алу журналы, өндірістік үй-жайға техникалық құжаттама);

6) тасымалдаушының тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруына арналған (тауар-көлік жүкқұжаты, жол парақтары, жүкті өлшеу (салмағын өлшеу) актілері, тиеу-түсіру және қосалқы жұмыстар жүргізуге арналған штаттық және қосалқы жабдықтың ұлттық стандарттарға сәйкестік сертификаттары, өндірістік үй-жайға техникалық құжаттама) құжаттармен танысады.»;

3 - т а р м а қ т а :

3-тармақтың бірінші абзацындағы «шаруашылық» деген сөз «кәсіпкерлік» деген сөзбен ауыстырылып, 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру немесе автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерін көрсету кезінде Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидалары

талаптарының орындалуын;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерінің ұлттық стандарттарға сәйкестігін;»;

7) тармақша алып тасталсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) Жүргізушілердің еңбегі мен демалысын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидалары талаптарының орындалуын;»;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) жүктерді тиеу және түсіру пункттеріне қатысты Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидалары талаптарының орындалуын тексереді.»;

11) 19 - 7 - бапта :

бірінші бөлікте :

4) тармақша «Жолаушылар мен багажды» деген сөздерден кейін «автомобиль көлігімен» деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшадағы «халықаралық және облысаралық қатынастағы жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдауға рұқсаттың» деген сөздер «жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға арналған рұқсат беру құжаттарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы «ауыр салмақты және ірі көлемді» деген сөздер «ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2), 8), 9), 11), 15), 20) және 21) тармақшаларында көзделгендерді қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобильдік өткізу пункттерінде бақылау функцияларын Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.»;

12) 19-8-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттерімен рұқсат беру құжаттарының бланкілерін тепе-тең айырбастау жүргізілмеген шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүріп өтуі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін транзитпен жүріп өтуге арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады. Өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгісіз Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүретін шетелдік автокөлік құралының жүріп өтуі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше келісілмесе, «Салық

және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін транзитпен жүріп өтуге арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік рейстен кері бағытта баратқан шетелдік жүк автокөлік құралына Қазақстан Республикасының аумағында жолшыбай жүк тиеуге Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуге арналған қосымша рұқсат болған кезде ғана рұқсат етіледі.»;

13) 19-9-баптың 1-тармағының екінші бөлігі «құжаттар» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасында халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына сәйкес ресімделуге және» деген сөздермен толықтырылсын;

14) 19-11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«19-11-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттарды беру тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша жүруге арналған автокөлік құралдарының жол беретін параметрлерінен көлемі, салмағы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша артық, жүгі бар немесе жүксіз, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуі рұқсат беру құжатының – ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсаттың (бұдан әрі – арнайы рұқсат) негізінде жүзеге асырылады.

2. Арнайы рұқсатты қозғалыс маршруты белгіленгеннен және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган немесе кеден органдары береді.»;

15) 19-12-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) троллейбустар;»;

16) 20-бапта:

1-тармақтың 1) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен кез келген автобуспен, троллейбуспен және таксимен жол жүруді жүзеге асыруға;»;

«9) Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларында

белгіленген тәртіппен жоғалған (бүлінген) жол жүру құжатын (билетті) қалпына келтіруге;»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) электронды нысанда ресімделген жол жүру құжатын (билетті) қоспағанда, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарында жол жүрген кезде жол жүру құжаты (билеті) болуға және оны сапар аяқталғанға дейін сақтауға;»;

17) 21 - бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы «шағын автобустардың» деген сөздерден кейін «, троллейбустардың» деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шарт Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартына сәйкес жасалуға тиіс.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жолаушылар мен багажды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық), ауданішілік және халықаралық тұрақты тасымалдаулар тасымалдаушылар мен автовокзалдардың, автостанциялардың немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшіліктері арасында жасалатын шарттар негізінде автовокзалдардан, автостанциялардан немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінен ғана жүзеге асырылады.»

Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшіліктері қызметтің осы түріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жіберілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарт жасасудан бас тартуға құқылы емес.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Жол жүру құжаттары (билеттер) электронды түрде сатылған кезде автовокзалдың, автостанцияның, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшіліктері жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатудың тасымалдаушы таңдаған ақпараттық жүйесі арқылы тасымалдаушының маршруттарына жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды қамтамасыз етуге міндетті.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар автобустарды, троллейбустарды, шағын автобустарды рейс алдында (ауысым алдында) техникалық қарап тексеруді және олардың ақауы болған жағдайда уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті.»;

18) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

«21-1-бап. Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары :

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және ұлттық стандарттармен белгіленген талаптарға сәйкес болған кезде автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің тізіліміне енгізу;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдану;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де тетіктерді қолдану арқылы автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметін ұйымдастырады.

2. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері көрсететін қызметтер осы Заңның талаптарына, Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және ұлттық стандарттарға сәйкес болуға тиіс.»;

19) 22 - бапта :

2 - тармақта :

мынадай мазмұндағы 1-1) және 5-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) автокөлік құралдарын шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен жабдықтауға;»;

«5-1) тасымалдауларды ұйымдастырушыға ақпарат ұсына отырып, қозғалыс жылдамдығы, маршрутының және кестесінің сақталуы туралы деректерді нақты уақыт режимінде үздіксіз беру құрылғыларымен автокөлік құралдарын жабдықтауға;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде маршруттың барлық аялдама пункттерінде – өз бетінше не жолаушылар агенттіктері, автовокзалдар, автостанциялар және (немесе) жолаушыларға қызмет көрсету пункттері арқылы жол жүру құжаттары (билеттер) мен багаж түбіртектерін сатуды, оның ішінде жол жүру құжаттары (билеттер) мен багаж түбіртектерін электронды түрде сатуды қамтамасыз етуге;»;

9) тармақшадағы «тұлғаны белгілеуге міндетті.» деген сөздер «адамды айқындауға;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын :

«10) ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.»;

3-тармақтың 3) тармақшасындағы «қамтамасыз етуге міндетті.» деген сөздер «қамтамасыз етуге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын :

«4) ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.»;

20) 23 - бапта :

1 - тармақта :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) маршрутта пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесі, типі (класы) және саны;»;

б) тармақшадағы «ең аз мерзімі көзделуге тиіс.» деген сөздер «ең аз мерзімі;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4-1) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) маршрутта пайдаланылатын автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды жаңарту жөніндегі талаптар;»;

«7) шарттың қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі көзделуге тиіс.»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тасымалдаушы мен жергілікті атқарушы органдар жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартының талаптарын сақтауға міндетті.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді атқарады.

4. Жергілікті атқарушы органдар жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орнатылатын жолаушыларды отырғызу мен түсіру пункттерін безендіруді және күтіп-ұстауды қамтамасыз етуге;

2) автобустар, шағын автобустар және троллейбустар қозғалысының белгіленген кестесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.»;

21) 24-баптың 1-тармағы «автостанциялар» деген сөзден кейін «, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері» деген сөздермен толықтырылсын;

22) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру

1. Дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруды бастар алдында қызметін бастағаны туралы хабарламаны жергілікті атқарушы органға «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жіберуге міндетті.

2. Таксимен тасымалдаушылар:

1) Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес жолаушылар мен багажды тасымалдау үшін түсі біркелкі және айырым белгілері бар таксилерді пайдалануға;

2) әрбір автокөлік құралы үшін таксометрдің немесе бақылау-кассалық аппаратының болуына;

3) автокөлік құралдарының рейс алдында техникалық қарап тексеруден және такси жүргізушілерінің рейс алдында (ауысым алдында) медициналық қарап тексеруден өтуін қамтамасыз етуге;

4) ақпараттық-диспетчерлік қызметтің немесе ақпараттық-диспетчерлік қызмет

көрсету жөніндегі шарттың болуын қамтамасыз етуге;

5) таксидің ақауы болған жағдайда оны уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуге;

6) такси салонында такси қызметінің құны (бағасы) туралы ақпаратты орналастыруға;

7) отыз және одан да көп такси болған кезде әрбір отыз таксиге шаққанда арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдаланатын мүгедектерді тасымалдау үшін ыңғайластырылған кем дегенде бір таксиінің болуына;

8) такси жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Таксимен тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді атқарады.

3. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушының:

1) такси тұрағы, жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін арнайы жабдықталған такси тұрақтарын пайдалануға;

2) жол жүрісі қағидаларының талаптарын сақтай отырып, жол желісінің кез келген учаскелерінде жолаушыларды отырғызуды және түсіруді жүргізуге;

3) жергілікті атқарушы органдарға арнайы жабдықталған такси тұрақтарын ұйымдастыру жөнінде ұсынымдар беруге құқығы бар.

Таксимен тасымалдаушының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтары бар.

4. Таксимен тасымалдаушы болып табылмайтын өзге тұлға құратын ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі таксимен тасымалдаушылар тізіліміне енгізілген таксимен тасымалдаушылармен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету бойынша шарт жасасады және таксимен тасымалдаушы осы баптың 2-тармағының 3), 5) және 8) тармақшаларының талаптарын орындаған кезде өз қызметтерін көрсетеді.

5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары әуежайларда, вокзалдарда, сауда үйлері мен базарларда, театрларда, цирктерде, кинотеатрларда, мәдени-демалыс ұйымдарында (мәдениет және демалыс парктері), сондай-ақ алаңдарда, даңғылдарда, көшелерде, орамдарда такси тұрақтарын ұйымдастыруды және жабдықтауды қамтамасыз етеді.

6. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау қызметі осы Заңның талаптарына, Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және ұлттық стандарттарға сәйкес болуға тиіс.»;

23) 27-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) автобуска, троллейбуска, таксиге кезектен тыс отыру құқығы;»;

2) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) автобустың, троллейбустың алдыңғы бөлігінде арнайы орындар бөлу.»;

24) мынадай мазмұндағы 27-1-баппен толықтырылсын:

«27-1-бап. Автомобиль көлігі саласында көрсетілетін қызметтердің мүгедектер үшін қолжетімділігі

1. Автовокзалдар мен автостанцияларда автомобиль көлігі саласында көрсетілетін қызметтерге мүгедектердің қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін:

1) мүгедектердің автокөлік құралдарын қою үшін арнайы жол белгілері орнатылған о р ы н д а р д ы ң б ө л і н у і ;

2) мүгедектерге арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдардың қозғалуы үшін ғимараттарды, ғимаратқа кірер жолдарды, баспалдақтарды, ғимарат ішіндегі қозғалу ж о л д а р ы н ы ң ғ а й л а с т ы р у ;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есту және көру қабілеті бойынша мүгедектер үшін қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және б а й л а н ы с құралдарымен ж а б д ы қ т а у ;

4) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедектерге және халықтың баяу қимылдайтын басқа да топтарына қызмет көрсету үшін мүгедектерге арналған кезекші к р е с л о - а р б а н ы ң б о л у ы ;

5) күту залдарында мүгедектерге арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып жабдықталуға тиіс мүгедектерге арналған а р н а й ы о р ы н д а р б ө л у ;

б) қоғамдық дәретханаларды мүгедектерге арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықтау;

7) мүгедектерге қызмет көрсету үшін арнайы бейімделген билет кассаларымен жабдықтау қ а м т а м а с ы з е т і л у г е т и і с .

2. Осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасының күші жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л а д ы . » ;

2 5) 2 9 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының ашылу және жабылу тәртібі, тасымалдаулардың көрсетілген түрлерін орындау үшін пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың санитариялық жай-күйіне, сыртқы безендірілуіне және жабдықталуына қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ; » ;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауларда шұғыл шақыру жүйесін ұ й ы м д а с т ы р у т ә р т і б і ; » ;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) автовокзалдарға, автостанцияларға, жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне

қойылатын талаптар, сондай-ақ олардың жұмыс істеу тәртібі;»;

12) тармақшадағы «тәртібі айқындалады.» деген сөздер «тәртібі;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) жол жүру құжаттарын (билеттерді) алдын ала және электронды сатуды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;

14) ақпараттық-диспетчерлік такси қызметтеріне қойылатын талаптар айқындалады.»

26) 32-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Жүктерді автомобильмен тасымалдау қызметтері осы Заңның, Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларының талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес болуға тиіс.»;

27) 37-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 1, 6 және 7-класты қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру құжаты – Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсат негізінде, арнайы бейімделген автомобильмен немесе осы мақсаттар үшін арнайы қайта жабдықталған басқа да автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.»;

28) 38-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«38-бап. Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдау

1. Автокөлік құралының көлемі мен салмағын ескергенде, автомобиль жолдарымен жүру үшін автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген, рұқсат етілген көлемдік және салмақтық параметрлерден асатын жүктер ірі көлемді және ауыр салмақты жүктер деп танылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдауға арнайы рұқсат болған кезде жол беріледі.

3. Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

29) мынадай мазмұндағы 38-1-баппен толықтырылсын:

«38-1-бап. Жүктерді өзі аударғыш автомобильмен тасымалдау

Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша рұқсат етілген барынша салмағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, автокөлік құралының жол берілген жалпы салмағынан асатын өзі аударғыш автомобильмен жүктерді тасымалдауға жол берілмейді.»;

3 0) 4 2 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуге рұқсаттар және Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет

мемлекеттің аумағымен жүріп өтуге рұқсаттар беруді – осы Заңның 19-7-бабына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасында халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларында белгіленген тәртіппен, шетелдік рұқсаттар бланкілерін автоматты түрде үлестіру жүйесін пайдалана отырып мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жүргізеді.»;

үшінші бөлік 4) тармақшадағы «тасымалдауға беріледі.» деген сөздер «тасымалдауға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) жолшыбай бағытта орындалатын автомобильмен тасымалдауларға беріледі.»;

4-тармақтағы «уәкілетті органның» деген сөздер «осы Заңның 19-7-бабына сәйкес мемлекеттік органдардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«44-бап. Шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушыларды, багажды, жүктерді автомобильмен тасымалдаулар

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік қызметке тыйым салынады.»;

32) 45 - бапта:

3-тармағы «беретін» деген сөзден кейін «автомобильмен халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыруға» деген сөздермен, «күәліктің» деген сөзден кейін «және автокөлік құралдарына рұқсат ету карточкасының» деген сөздермен толықтырылсын;

4 - тармақта:

«көлік» деген сөз «автокөлік» деген сөзбен ауыстырылсын; «халықаралық» деген сөздің алдынан «автомобильмен» деген сөзбен толықтырылсын;

33) 51-баптың 2-тармағындағы «жоғалғаны үшін» деген сөздер «жоғалғаны, жетіспегені немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«54-бап. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.».

17. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат;

2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң кеме қатынасын жүзеге асыру, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау, шағын көлемді кемелерді пайдалану, оның ішінде ішкі су жолдары мен теңіз суларына жатпайтын су айдындарында пайдалану кезінде ішкі су көлігі саласында мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.»;

2) 1 - б а п т а :

6-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1) жалға алынған шетелдік кемелер тізілімі – осы Заңның 24-бабының 11-тармағында және 26-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік кемелер тіркелетін құжат;»;

10) тармақшада орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

14), 15) және 45) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«14) кеме кітабы – шағын көлемді кемелер және оларға құқықтар тіркелетін құжат;

15) кеме қатынасы – шағын көлемді кемелерді пайдалана отырып атқарылатын қызметті қоспағанда, жүктерді, жолаушылар мен олардың багажын, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, балық аулауды және өзге де кәсіпшіліктерді, құрылыс, жол, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық алып өтуді, құтқару операцияларын жүргізу, су объектілерін қорғау, оларды ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, суға батқан мүлікті көтеру, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;»;

«45) шағын көлемді кеме – балық аулау, жүктерді тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, құрылыс, жол, гидротехникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық және мұзжарғышқа ілестіріп алып өтуді жүргізу, сондай-ақ су объектілерін ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін жасалған немесе жабдықталған кемелерді қоспағанда, ұзындығы жиырма метрден аспайтын, бортына алуға болатын адамдар саны он екі адамнан аспайтын кеме.»;

3) 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . О с ы Заң :

1) к е м е л е р д е ;

2) ішкі су жолдарында орналасқан гидротехникалық құрылыстарда;

3) ішкі су жолдарында орналасқан порттарда;

4) ішкі су жолдарында және ішкі су жолдары мен теңіз суларына жатпайтын су айдындарында пайдаланылатын шағын көлемді кемелерде қызметін жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.»;

3-тармақтағы «сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңдарымен» деген сөздер «сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасымен» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) 8-бап мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:
«28-1) Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидаларын бекіту;»;

5) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 26-1), 26-2), 26-3), 26-4) және 26-5) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«26-1) кемелердің командалық құрамының адамдарына арналған дипломның н ы с а н ы н б е к і т у ;

26-2) Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларын бекіту;

26-3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кеме қатынайтын су жолдарымен кемелердің жүзуі туралы есептіліктің нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ оны жасау тәртібін бекіту;

26-4) кеме қатынайтын су жолдарымен кемелердің жүзуі туралы есептілікті жасау;

26-5) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша Ішкі су көлігі кемелеріндегі еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласындағы қағидаларды бекіту;»;

2 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кемелерді, салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын, олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап тексеруді жүргізу;

2) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;»;

9) тармақшадағы «ішкі су жолдарында» деген сөздер «ішкі су жолдарымен» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

б) 15-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстардың (шлюздердің) иелері Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану , тексеру және жөндеу қағидаларын сақтауға міндетті.

Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстардың (шлюздердің) қауіпсіздік критерийлері Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидаларында белгіленген тәртіппен а й қ ы н д а л а д ы . » ;

7) 1 7 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:
«17-бап. Ішкі су көлігі саласындағы бақылау мен қадағалау»;
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«Ішкі су көлігі саласындағы бақылау мен қадағалауды аумақтық бөлімшелер:»;

9) т а р м а қ ш а д а :

бірінші бөлік алтыншы абзацындағы «қорытындысын табыс еткен адамдар жіберіледі.» деген сөздер «қорытындысын;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«өлшемі 3,5x4,5 сантиметр екі фотосурет ұсынған адамдар жіберіледі.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Диплом беруді жүргізу туралы өтінішті аумақтық бөлімше күнтізбелік отыз күн і ш і н д е қ а р а й д ы . » ;

21) тармақшадағы «шағын көлемді көлік» деген сөздер «шағын көлемді кемелер» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) тармақшадағы «жүзеге асыру;» деген сөздер «жүзеге асыру арқылы іске асырады.» деген сөздермен ауыстырылып, 24) тармақша алып тасталсын;

8) 1 7 - 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:
«17-1-бап. Аумақтық бөлімшелердің кемелерді қарап тексеруді жүргізуі»;

2 - т а р м а қ т а :

4) т а р м а қ ш а д а :

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«магниттік компас девиациясының кестесі (кеме жүргізу компастың көмегімен жүзеге асырылатын ішкі су жолдарында);»;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«радиолокациялық станцияның көлеңкелі секторларының схемасы (радиолокациялық станциясы бар кемеде);»;

5), 8) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының, кеме атауының (нөмірінің) және борттарындағы тіркеу нөмірлерінің, корпусында жүк маркасының болуы және ж а й - к ү й і ; » ;

«8) жарықтық және дыбыстық сигнал берудің болуы және жұмыс істеуі;»;

«11) экипаждың штаттық кестеге және кемелер экипаждарының ең аз құрамына

қойылатын талаптарға сәйкес жасақталуы;»;
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:
«2-1. Өздігінен жүзбейтін (өздігінен қозғалуға арналған механикалық қондырғысы жоқ) кемелерді қарап тексеру кезінде:
1) осы Заңның 23-бабында көрсетілген кеме құжаттары (олардың болуы, қолданылу мерзімі, оларды жүргізу тәртібі);
2) кеме атауының (нөмірінің) және борттарында тіркеу нөмірлерінің, корпусында жүк маркасының болуы;
3) кемеңіздің (құрамның) жүзу ауданының разряды мен жағдайларына, құрамдарды қалыптастырудың үлгілік схемаларына және жол көлемдеріне сәйкестігі;
4) жолаушылар сыйымдылығы және жүк көтерім, борттың су бетіндегі биіктігі (жүк маркасы бойынша) нормаларының сақталуы;
5) ағымдағы навигацияда аумақтық бөлімшелер қызметкерлері нұсқамаларының орындалуы тексеруге жатады.»;
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кемені қарап тексеру нәтижелері бойынша аумақтық бөлімшенің қызметкері кеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін, қарап тексеру күнін көрсете отырып, кемені қарап тексеру актісін жасайды. Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда, аумақтық бөлімшенің қызметкері анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және жүзу қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайларда, аумақтық бөлімшенің қызметкері кеменің (құрамның) қозғалысына тыйым салу туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде кеменің капитаны кеме иесіне хабарлайды.

Кемені қарап тексеру актісі мен нұсқама екі данада жасалады және оларға аумақтық бөлімшенің қызметкері мен капитан (бірінші штурман немесе капитанның аға көмекшісі) қол қояды. Капитан (бірінші штурман немесе капитанның аға көмекшісі) кемені қарап тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бас тартудың мәлімделген себептер көрсетіле отырып жазба жасалады.

Кемені қарап тексеру актісінің және нұсқаманың бірінші данасы – кемеде, екіншісі аумақтық бөлімшеде кеме ісінде сақталады.

Кемені қарап тексеруді жүргізген аумақтық бөлімше қызметкерлері кемені қарап тексеру актісіндегі жазбалардың анықтығына жауапты болады.»;

9) 19-баптың тақырыбы мен 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«19-бап. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді бақылау және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы қадағалау»;

«3. Ішкі су көлігінде санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы қадағалауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге

а с ы р а д ы . » ;

10) 22-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік кеме тізілімінде және жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге жататын кеменің атауы, тіркелімге алынған пункті, тіркеу нөмірі , шақыру сигналы және кеменің техникалық жарактандырылуына қарай кемедегі жерсеріктік байланыс станциясының сәйкестендіру нөмірі мен кеме станциясын іздеп шақыру нөмірінің болуы міндетті.

Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес, кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын шағын көлемді кеменің екі бортында да тіркеу нөмірінің болуы міндетті.»;

«3. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес аумақтық бөлімше кеменің тіркеу нөмірін береді.»;

1 1) 2 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеде беру және жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мынадай кеме құжаттары : » ;

1) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге (Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелуге жататын кемелер үшін) меншік құқығын растайтын кеме куәлігі;»;

«13) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік (өздігінен жүзетін кемелер үшін) болуға тиіс . » ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Ішкі су жолдарында және өзге де су айдындарында пайдаланылатын шағын көлемді кемеде мынадай құжаттар:

1) кеменің жүзуге жарамдылығына арналған жыл сайынғы техникалық куәландырудан өткендігі туралы белгісі бар кеме билеті;

2) шағын көлемді кемеде меншік иесі болмаған кезде кеменің меншік иесінің жеке куәлігінің көшірмесімен бірге меншік иесінен шағын көлемді кемені басқару құқығына арналған сенімхаты болуға тиіс . » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге байланысты жүзуді жүзеге асыратын, Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген кемеде, оның ішінде шағын көлемді кемеде осы баптың 1 және 1-1-тармақтарында көзделген құжаттардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болуға тиіс . » ;

1 2) 2 4 - б а п т а :

6 - тармақ алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Кемені жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркеу кезінде аумақтық бөлімше кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімде көрсетілген мерзімге шетелдік кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру т у р а л ы к у ә л і к б е р е д і . » ;

8-тармақтағы «немесе кеме кітабында» деген сөздер алып тасталсын;

10-тармақтағы «немесе кеме кітабынан» деген сөздер алып тасталсын;

1 3) 2 5 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кемеге немесе кеменің бір бөлігіне меншік құқығы осындай құқықты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеген кезден бастап туындайды және аумақтық бөлімше берген кеме куәлігімен расталады.

Кеме куәлігі жоғалған жағдайда, аумақтық бөлімше кеменің меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған құжаттың телнұсқасын береді. Кеме куәлігінің телнұсқасын беру тәртібі Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларымен белгіленеді.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Шағын көлемді кемеге немесе шағын көлемді кеменің бір бөлігіне меншік құқығы осындай құқықты кеме кітабында мемлекеттік тіркеген кезден бастап туындайды және аумақтық бөлімше берген кеме билетімен расталады.

Кеме билеті жоғалған жағдайда, аумақтық бөлімше шағын көлемді кеменің меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған құжаттың телнұсқасын береді. Кеме билетінің телнұсқасын беру тәртібі Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларымен белгіленеді.»;

5 - тармақ алып тасталсын;

1 4) 2 6 - б а п т а :

4-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1. Егер оқиғаға ұшырау нәтижесінде немесе басқа бір себеппен кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен кемені мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылады.»;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде жолаушылар, жүк-жолаушылар, мұнай құйылатын, сүйреткіш кемелер, құрғақ жүк кемелері, қалқымалы крандар және техникалық флот кемелері, сондай-ақ шағын көлемді кемелер болып табылмайтын кемелер тіркеледі.

6. Шағын көлемді кемелер кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Салмағы қоса алғанда екі жүз килограмға дейінгі және қозғалтқыштарының (орнатылған жағдайда) қуаты қоса алғанда сегіз киловатқа дейінгі шағын көлемді кемелер, сондай-ақ ұзындығы тоғыз метрден аспауға тиіс, қозғалтқыштары жоқ және демалуға арналған орындармен жабдықталмаған спорттық желкенді кемелер мемлекеттік тіркелуге жатпайды.»;

7-тармақтағы «Уәкілетті орган» деген сөздер «Аумақтық бөлімше» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 2 7 - б а п т а :

тақырып және бірінші абзац «Кемені» деген сөзден кейін «, оның ішінде шағын көлемді кемені» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша «кемеге» деген сөзден кейін «, оның ішінде шағын көлемді кемеге» деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кемеге, оның ішінде шағын көлемді кемеге меншік құқығын растайтын өзге де құжаттар болып табылады.»;

1 6) 2 8 - б а п т а :

баптың тақырыбы «Кемені» деген сөзден кейін «, оның ішінде шағын көлемді кемені» деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар :

1) осы Заңның 27-бабына сәйкес кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылатын құқық белгілейтін және өзге де құжаттар;

2) сыныптаушы куәлік;

3) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат қоса берілуге тиіс.»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кемені жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркеу үшін кемені жалға алушының кемені мемлекеттік тіркеу туралы өтінішіне осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, қосымша мынадай құжаттар:»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар :

1) осы Заңның 27-бабына сәйкес кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуге

негіз болып табылатын құқық белгілейтін және өзге де құжаттар;

2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат қоса берілуге тиіс.»;

17) 29-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару үшін кеменің меншік иесі аумақтық бөлімшеге өтінішті және осындай шығаруға негіз болып табылған мән-жайларды растайтын құжаттарды беруге м і н д е т т і . » ;

18) 31 және 32-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«31-бап. Кемеге тыйым салу және оны мәжбүрлеп сату

Егер сот кемеге тыйым салу түріндегі қуынымды қамтамасыз ету туралы ұйғарым қабылдаған немесе кеме атқарушылық іс жүргізу тәртібімен сатылған жағдайда, аумақтық бөлімше Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына тиісті жазба енгізеді. Бұл ретте аумақтық бөлімше кеменің меншік иесін кемеге қуынымды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданғаны немесе кемеден мұндай шаралардың алып тасталғаны туралы хабардар етуге тиіс.»;

«32-1-бап. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу

1. Кеме ипотекасын аумақтық бөлімше сол кеме тіркелген тізілімге тіркейді.

2. Осы Заңның 24-бабының 7 және 11-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген шетелдік кеменің ипотекасы Қазақстан Республикасында тіркеле алмайды.

3. Кеме ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

4. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының

Ү к і м е т і а й қ ы н д а й д ы .

5. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берумен куәландырылады.

6. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым алынады.»;

19) 32-2-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шағын көлемді кеме ипотекасын аумақтық бөлімше сол шағын көлемді кеме тіркелген кеме кітабына тіркейді.»;

5-тармақ «белгіленген тәртіппен» деген сөздерден кейін «және мөлшерде» деген сөздермен толықтырылсын;

20) 36-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) егер кеме экипажының мүшесі немесе жолаушы кеме жүзіп жүрген кезде көрсетілу мүмкін емес шұғыл медициналық көмекке мұқтаж болған жағдайда, кеменің меншік иесіне және (немесе) кеме иесіне, ал кеме шетелдік портқа кірген кезде

Қазақстан Республикасының консулы мен кеме иесінің агентіне (шетел портында мұндай агент болған кезде) де хабар бере отырып, ең жақын портқа кіруге;»;

21) 51-1-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы «Жолаушылар мен багажды әлеуметтік мәні бар» деген сөздер «Жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 90-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тіркеп сүйретілетін объект зақымданған (бүлінген) кезде тіркеп сүйретушіден тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтуші немесе алушы айқындайтын, тіркеп сүйретілетін объектіні жөндеу құны өндіріп алынады. Келіспеушіліктер туындаған кезде тіркеп сүйретілетін объектіні жөндеу құнын тараптар айқындаған тәуелсіз сарапшы бағалауы мүмкін.»;

4-тармақ алып тасталсын;

23) 97-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын;

24) 103-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«103-бап. Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.»

18. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 25-құжат; № 12, 84-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат) :

16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Көлік саласындағы қызметті лицензиялау

Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу үшін, сондай-ақ теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.»

19. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97 - құжат) :

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 28-1) және 29-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«28-1) аэронавигациялық қызмет көрсету – әуе қозғалысына қызмет көрсетуге, радиотехникалық жабдықты және байланыс құралдарын пайдалануға, ұшуларды метеорологиялық және іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуге, аэронавигациялық ақпарат беруге байланысты кешенді қызмет көрсету;»;

«29-1) аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдығын пайдалану және байланыс қызметінің сертификаты – аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметінің сертификаттық талаптарға сәйкестігін куәландыратын белгіленген үлгідегі құжат ; » ;

42) тармақша алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 53-1), 55-1), 60-1) және 68-1) тармақшалармен толықтырылсын :

«53-1) әуе кемесін жалдау (чартер) шарты – тасымалдау (әуе кемесін жалдау) шарты , ол бойынша жалға беруші (әуе кемесін жалға беруші) жалға алушыға (әуе кемесін жалдаушыға) жолаушыларды, багажды, жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау немесе басқа да мақсаттар үшін бір әуе кемесінің (немесе бірнеше кемелердің) бүкіл сыйымдылығын немесе сыйымдылығының бір бөлігін ақысын алып уақытша иеленуге беруге және бір немесе бірнеше рейске пайдалануға беруге және өз күшімен оны басқару және техникалық пайдалану бойынша қызметтер көрсетуге міндетті;»;

«55-1) инспекторлық нұсқама – анықталған бұзушылықтарды жою үшін жеке немесе заңды тұлғаларға мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік авиация инспекторы берген жеке сипаттағы акт;»;

«60-1) қайтарылмайтын өкілеттік – Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығаруға (тіркеуден алып тастауға) және Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға Авиациялық жабдық жөніндегі хаттамаға сәйкес әуе кемесін әкетуге талап қою құқығы соның пайдасына берілген жеке немесе заңды тұлғаның өкілеттігі;»;

«68-1) тұрақты қадағалау – халыққа қауіпсіз авиациялық қызметтерді ұсыну мақсаттарында сертификаттаудан өткен жеке және заңды тұлғалардың белгіленген талаптарды сақтауын мемлекеттік қадағалау түрі;»;

69) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«69) тұрақты рейс – авиакомпания белгілеген және жариялаған кестеге сәйкес орындалатын рейс ; » ;

мынадай мазмұндағы 78-1) және 85-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«78-1) ұшу сынақтары – әуе кемесінің, күш қондырғыларының, авиациялық және арнаулы жабдықтардың, қару-жарақтар мен басқа да авиациялық техниканың, аэродинамика және әуе кемелерінің, сондай-ақ олардың жүйелерінің беріктігі саласындағы зерттеулердің сипаттамаларын айқындау үшін және (немесе) азаматтық авиациялық техниканың ұшу жарамдылығы талаптарына сәйкестігін айқындау үшін о р ы н д а л а т ы н ұ ш у ; » ;

«85-1) іздестіру-құтқару жұмыстары – апатқа ұшыраған әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаждарын іздестіру және құтқару, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдарды іздестіру және оларға көмек көрсету мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені;»;

2) 7-баптың 3-тармағындағы «техникалық реттеу туралы» деген сөздер «техникалық реттеу саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Азаматтық және эксперименттік авиацияның қызметін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мынадай нысанда:

1) осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген тексерулерді қоспағанда, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен жүргізу тәртібі айқындалатын азаматтық авиация ұ й ы м д а р ы н т е к с е р у ;

2) жеке және заңды тұлғалардың осы Заңмен жүргізу тәртібі айқындалатын әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын тексеру;

3) жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін байқауды және талдауды қамтитын, бақылау мен қадағалаудың өзге де нысанында жүзеге асырады.

5. Жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін, сондай-ақ авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау мақсатында байқау және талдау, осы Заңның талаптарына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жеке және заңды тұлғалар берген ақпарат, құжаттар мен материалдар негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . » ;

4) мынадай мазмұндағы 10-1 және 10-2-баптармен толықтырылсын:

«10-1-бап. Жеке және заңды тұлғалардың әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын тексерулер түрлері

1. Жеке және заңды тұлғалардың әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) ж о с п а р л ы ;

2) ж о с п а р д а н т ы с .

Жоспарлы тексеруді тәуекелдерді бағалау жүйесіне сәйкес және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкестігіне жүргізілген бұрынғы тексерулерге қатысты белгіленген уақыт аралықтарын ескере отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен тексерулер жоспары не тұрақты қадағалау бағдарламасы негізінде азаматтық авиация, әуе кемелері және (немесе) әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ететін олардың компоненттері мен жабдықтары саласында қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаға қатысты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тағайындайды.

Жоспардан тыс тексеруді Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкестігіне азаматтық авиация, әуе кемелері және (немесе) әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ететін олардың компоненттері, жабдықтары саласында қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаға қатысты авиация саласындағы уәкілетті орган тағайындайды.

Мақсаттарына қарай жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер мынадай түрлерге б ө л і н е д і :

1) азаматтық және (немесе) эксперименттік авиация саласында қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаны, оның ішінде осындай адамның ұшуды ұйымдастыруын, дайындауын және орындауын тексеру;

2) азаматтық және (немесе) эксперименттік авиация саласында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаны тексеру;

3) шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелерін перрондық тексеру.

2. Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, ішкі еңбек тәртібінің қағидаларында белгіленген, тексерілетін субъектінің жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексеру бұзушылықтардың және олардың тікелей жасалуы кезінде жолын кесу қажет болған жағдайларда, жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақыт, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілуі мүмкін.

10-2-бап. Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бақылау мен қадағалауға жататын қызмет

Азаматтық және эксперименттік авиация саласында ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бақылау мен қадағалауға жататын қ ы з м е т к е :

1) әуе кемелерін пайдалану, ұшуды жүргізу және соған дайындалу;

2) әуе қозғалысына қызмет көрсету;

3) аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету;

- 5) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету;
- 6) ұшуды әуеайлақпен қамтамасыз ету;
- 7) ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету;
- 8) ұшуды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету;
- 9) ұшуды орнитологиялық қамтамасыз ету;
- 10) авиация персоналын даярлау және қайта даярлау;
- 11) авиация персоналын дәрігерлік-ұшу сарапшылық комиссияларының к у ә л а н д ы р у ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;
- 12) ұшуды авариялық және іздестіру-құтқару қызметімен қамтамасыз ету;
- 13) азаматтық әуе кемелерін, әуежай объектілері мен қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету;
- 14) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылар мен басқа да тұтынушыларды арнайы автокөлік құралдарымен және жабдықпен қамтамасыз ету;
- 15) осы Заңның 90-бабының 1-тармағында көзделген, ұшу қауіпсіздігіне қатер т ө н д і р у і м ү м к і н қ ы з м е т ;
- 16) осы Заңның 105-бабының 2-тармағында көзделген авиациялық қауіпсіздік ш а р а л а р ы ж а т а д ы . » ;

5) 11 және 12-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«11-бап. Жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын т е к с е р у л е р т ә р т і б і

1. Жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын тексерулерді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қажеттілік және жеткіліктілік қағидатына сәйкес жүргізеді.

2. Тексеруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары тексеру парағына сәйкес жүргізеді. Тексеру парағы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеке және заңды тұлғалардың қызметіне қойылатын талаптардың толық тізбесін қамтиды, оларды сақтамау ұшу қауіпсіздігіне және авиациялық қауіпсіздікке қатер төндіруге әкеп соғады және олар авиациялық оқиғаның немесе оқыс оқиғаның алғышарттары болуы мүмкін.

3. Тексеру азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның тексеруді тағайындау туралы актісі негізінде жүргізіледі. Тексеруді тағайындау туралы акт бір жеке немесе заңды тұлғаға ресімделеді.

Шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне перрондық тексерулер жүргізу үшін тексеру тағайындау туралы акт нақты жеке немесе заңды тұлға көрсетілместен, бірақ аумағының шегінде тексеру жүргізілетін әуежай (әуеайлақ) атауы міндетті түрде көрсетіле отырып жасалады.

4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары

т е к с е р у

к е з і н д е :

- 1) тексеру тағайындау туралы актіні;
- 2) қызметтік куәлігін;
- 3) тексеру парағын көрсетуге міндетті.

5. Тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеру бір рет бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

Жеке немесе заңды тұлғаны хабардар ету тексеру тоқтатыла тұрғанға дейін не қайтадан басталғанға дейін бір күн бұрын жүргізіледі.

Тексеруді тоқтата тұрған не қайтадан бастаған кезде тексеруді тоқтата тұру не қайтадан бастау туралы акт шығарылады. Тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімдерін есептеу ол қайтадан басталған күннен бастап жалғасады.

6. Тексеру тағайындау туралы актіні тексерілетін тұлғаға табыс еткен кез тексеру жүргізудің басталуы болып саналады.

7. Тексеру тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартылған немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдарының объектілерге кіруіне және (немесе) тексеру жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайда, хаттама жасалады. Хаттамаға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамы мен тексерілетін адам не оның уәкілетті өкілі қол қояды.

Тексерілетін адам бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме бере отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы. Тексеру тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеруді болдырмауға негіз болып табылмайды.

8. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамы тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы екі данада
а к т ж а с а й д ы .

Тексеру нәтижелері туралы актіде:

- 1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы;
- 3) соның негізінде тексеру жүргізілген, тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен н ө м і р і ;
- 4) тексеру жүргізген адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және л а у а з ы м ы ;
- 5) тексерілетін жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не заңды тұлғаның атауы мен деректемелері, ал шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне тексеру жүргізілген жағдайда – барлық тексерілетін жеке немесе заңды тұлғалардың және тексеру жүргізу кезінде қатысқан өзге де адамдардың;
- 6) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;
- 7) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы,

олардың сипаты туралы мәліметтер;

8) жеке немесе заңды тұлғаның, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы туралы жазба;

9) тексеру жүргізген лауазымды адамның қолтаңбасы көрсетіледі.

Жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары және тексеру нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар болған кезде) тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі.

9. Тексеру нәтижелері бойынша ескертпелері және (немесе) қарсылықтары болған жағдайда, тексерілетін адам оларды жазбаша түрде баяндайды. Ескертпелер және (немесе) қарсылықтар тексеру жүргізу нәтижелері туралы актіге қоса берілуі мүмкін, ол туралы тиісті белгі жасалады.

10. Тексерілетін адамның қолындағы түпнұсқадағы құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшаларының көшірмелерімен бірге тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану және басқа да іс-қимылдар үшін тексерілетін адамға не оның уәкілетті өкіліне табыс етіледі.

11. Тексеру жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

12. Тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген тексерудің аяқталған мерзімінен кешіктірмей тексеру нәтижелері туралы актіні тексерілетін адамға табыс еткен күн тексеру аяқталған күн болып саналады.

12-бап. Ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нәтижелері

1. Мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайларда, мемлекеттік авиация инспекторлары жеке немесе заңды тұлғаларға бұзушылықтарды жою туралы инспекторлық нұсқамалар береді.

Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларда, мемлекеттік авиация инспекторлары әуе кемесін пайдалануды тоқтату не инспекцияланатын пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымының және (немесе) авиация персоналының белгілі бір әрекеттерді тоқтатуы туралы талаппен инспекторлық нұсқамалар береді.

2. Инспекторлық нұсқама жеке немесе заңды тұлғаға немесе олардың өкілдерінің қолына немесе жөнелту және алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен тапсырылуы тиіс.

Инспекторлық нұсқамада жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) немесе заңды тұлғаның атауы, инспекторлық нұсқаманың берілген күні, инспекторлық нұсқаманы жіберудің негізі, анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптар және инспекторлық нұсқаманы орындау мерзімдері, оған шағымдану тәртібі көрсетіледі.

3. Хабарламалы тапсырыс хат арқылы почтамен не хабарламалардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз ететін электронды байланыс арналары арқылы электронды түрде жіберілген инспекторлық нұсқама почта операторынан почта жөнелтілімін адресаттың алғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап не хабарламаны электронды түрде жіберген күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң тапсырылды деп е с е п т е л е д і .

4. Инспекторлық нұсқама азаматтық және (немесе) эксперименттік авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

5. Инспекторлық нұсқаманы орындамау азаматтық және (немесе) эксперименттік авиация саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған сертификаттың (куәліктің) қолданысын тоқтата тұру немесе оны қайтарып алу үшін негіз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Мемлекеттік авиация инспекторлары беретін инспекторлық нұсқамаға жоғары тұрған лауазымды адамға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

б) мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:
«12-1-бап. Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігі жөнiндегi бағдарлама

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына сәйкес ұшу қауіпсіздігі жөнiндегi бағдарламаны ә з і р л е й д і , о л :

1) азаматтық авиация саласындағы азаматтық авиациядағы ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін білдіреді;

2) халықаралық стандарттарды және ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесіне байланысты ұсынылатын практиканы тиімді енгізуді белгілейді;

3) ұшу қауіпсіздігі тәуекелдерін басқарудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге және авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың санын үздіксіз азайтуға бағытталған.

2. Азаматтық авиациядағы ұшу қауіпсіздігі жөнiндегi бағдарлама мыналарды:

1) мемлекеттік деңгейде қауіпсіздік саласындағы саясат пен мақсаттарды;

2) мемлекеттік деңгейде ұшу қауіпсіздігіне байланысты тәуекелдерді басқаруды;

3) мемлекеттік деңгейде азаматтық авиацияның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

4) мемлекеттік деңгейде азаматтық авиацияның қауіпсіздігін дамытуға жәрдемдесуді қамтиды.»;

7) 13-бап мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 15-1) және 22-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) азаматтық авиация саласында ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны б е к і т е д і ;

3-2) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында формальдылықты оңайлату мақсатында рәсімдерді белгілеуге жәрдемдесуге тиісті шаралар жиынтығын білдіретін, халықаралық әуе тасымалдары кезіндегі формальдылықты оңайлату бағдарламасын б е к і т е д і ;» ;

«15-1) Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органын және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметін сертификаттау және сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтеріне қойылатын сертификаттық талаптарды б е к і т е д і ;» ;

«22-1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарын азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымдардың авиациялық стандарттарын қолдануға жіберу қағидаларын б е к і т е д і ;» ;

8) 14-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) халықаралық стандарттарды жеке және заңды тұлғалардың сақтауын мемлекеттік реттеуді, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;» ;

3) тармақша алып тасталсын ;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасын б е к і т е д і ;» ;

мынадай мазмұндағы 15-1) және 15-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«15-1) Радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілді меңгеру дәрежесін айқындауға арналған тестілеу қағидаларын б е к і т е д і ;

15-2) авиациялық оқу орталықтары мен азаматтық авиация ұйымдары әзірлеген азаматтық авиация персоналын кәсіптік даярлау бағдарламасын келіседі;» ;

16), 17) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«16) авиация персоналына жататын адамға оның қажетті білімі мен дағдысының бар екенін, сондай-ақ оның денсаулығының белгіленген талаптарға сай екенін растайтын кәсіптік қызметті жүзеге асыру құқығына арналған авиация персоналының куәлігін береді, куәліктің қолданылу мерзімін ұзартады, мұндай куәлікті қайтарып алады, қолданысын тоқтата тұрады, куәлікке біліктілік белгілері мен арнайы белгілерді е н г і з е д і ;

17) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификатын, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлікті, авиациялық оқу орталығының

сертификатын, азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын, тип сертификатын, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығы сертификатын, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын, әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметін тексеріп қарауды ұйымдастыру жөніндегі сертификатты, әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын, аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметінің сертификатын сертификаттауды және беруді жүзеге асырады;»;

«23) шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты ұшу кестесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарындағы шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестесін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;»;

38) тармақша алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 38-1), 41-1), 41-2), 41-3), 41-4), 41-5), 41-6), 41-7), 41-8), 41-9), 41-10), 41-11), 41-12), 41-13), 41-14), 41-15) және 41-16) тармақшалармен толықтырылсын:

«38-1) азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы ұшуларды іздестіру-құтқару және авариялық-құтқару қызметімен қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асырады;»;

«41-1) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілеттік органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына сәйкес астана мен астаналық әуежайдың үстіндегі әуе кеңістігін пайдалану тәртібін айқындайды;

41-2) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкестігіне мониторинг жүргізуді жүзеге асырады;

41-3) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасынан орын алған айырмашылықтар туралы Халықаралық азаматтық авиация ұйымын (ИКАО) уақтылы хабардар етуді және оларды аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жариялауды қамтамасыз етеді;

41-4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

41-5) Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген не әуе кемелерінің пайдаланушылары Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары болып табылатын әуе кемелерімен басқа мемлекеттердің аумағында болған азаматтық авиациядағы авиациялық оқиғалар

мен оқыс оқиғаларды тексеруге қатысады;

41-6) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың алдын алу немесе олардың салдарларын азайту мақсаттарында ұсынымдар береді, сондай-ақ осындай ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізеді;

41-7) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген не пайдаланушылары Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары болып табылатын әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар жөнінде статистикалық деректер жүргізеді;

41-8) Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттер пайдаланушыларының әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар жөнінде статистикалық деректер жүргізеді;

41-9) халықаралық азаматтық авиация ұйымдарымен статистикалық деректерді алмасуға қатысады;

41-10) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеруге жауапты шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық азаматтық авиация ұйымдарымен ынтымақтасады;

41-11) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен ынтымақтасады;

41-12) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру кезінде дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз етеді;

41-13) ұшу қауіпсіздігі туралы құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді;

41-14) авиациялық оқиғаларды жинау, бағалау, өңдеу, сақтау және тіркеу тетігін қоса алғанда, авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесін әзірлейді, енгізеді, зерделейді және қолдайды;

41-15) мемлекеттік және халықаралық деңгейлерде ұшу қауіпсіздігі туралы ақпарат алмасуға және авиациялық оқиғалар туралы ақпарат таратуға қатысады;

41-16) азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігіне байланысты ақпаратты жинауды және талдауды, сондай-ақ осындай ақпаратты жасауды және азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізуді жүзеге асырады. Талдау ақпарат көздерін ашуды талап етпейді;»;

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

9) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау

1. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау кезінде осы Заңда көзделген әуе кемелерінің, әуеайлақтардың және көрсетілетін авиациялық қызметтердің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі расталады.

2. Сертификаттаудың мақсаты адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, мемлекет мүдделерін қорғау, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін және авиациялық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономиканың және азаматтардың сапалы авиациялық қызметтерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

3. Осы Заңда белгіленген жағдайларда, сертификаттауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау көрсетілген алымды мемлекеттік бюджетке төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

Беру кезінде сертификат (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік) өтініш берушінің сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайды және оған қызметтің рұқсат етілген түрлерін жүзеге асыруға арналған құқық береді.

4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін сертификаттық талаптарға сәйкес болған кезде өтініш берушіге сертификат (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік) береді.

Азаматтық авиация пайдаланушыларын немесе ұйымдарын сертификаттау процесі олардың белгіленген сертификаттау талаптарына сәйкестігін сертификаттық тексеруді, оның ішінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың қаржы-экономикалық жағдайын бағалауды көздейді.

Сертификаттық тексеру шеңберінде өтініш беруші қызметтің сұратылып отырған түрлеріне байланысты функцияларды орындау үшін қажетті қабілеті мен құралдарын көрсетуге міндетті.

5. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификаттау кезінде мыналарға:

1) сертификатты (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік) берер алдында, сертификаттау рәсімдеріне жататын азаматтық авиация ұйымдарына қолданылатын сертификаттау талаптарына сәйкестігіне;

2) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасына сәйкес, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен түзету іс-қимылдарының жоспарын орындауға (қолдануға) сертификаттық тексеруді жүзеге асырады.

6. Осы баптың 5-тармағында көзделген сертификаттық тексеру:

1) сертификаттық тексеру жүргізу жөніндегі мемлекеттік авиация инспекторлары үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әзірлеген нұсқамалық материал пайдаланыла отырып жүзеге асырылуы;

2) тексерілетін жеке және заңды тұлғаларға сертификаттық тексерудің тиісті нәтижелері ұсынылуы тиіс.»;

10) 2-тарау мынадай мазмұндағы 16-1, 16-2, 16-3, 16-4, 16-5 және 16-6-баптармен толықтырылсын:

«16-1-бап. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тұрақты қадағалау

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне тұрақты қадағалауды жүзеге асырады.

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұрақты қадағалауға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификаттаған азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдары жатады.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тұрақты қадағалауды жүзеге асыру кезінде:

1) сертификаттау талаптары мен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін ұстауды;

2) осы Заңның 16-3-бабына сәйкес түзету іс-қимылдарының жоспарын орындауды тексереді.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген тексеру:

1) тұрақты қадағалауды жүргізу жөніндегі мемлекеттік авиация инспекторлары үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әзірлеген нұсқамалық материал пайдаланыла отырып жүзеге асырылуы;

2) тексерілетін жеке және заңды тұлғаларға ұшу қауіпсіздігін қадағалаудың тиісті нәтижелерін беруі;

3) бұрынғы қадағалаудың нәтижелеріне және азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін басқарудың белгіленген жүйесі шеңберінде ұшу қауіпсіздігі саласындағы басымдықтарға негізделуі;

4) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Заңның 16-3-бабына сәйкес шаралар қолдану үшін бұзушылықтардың жоқ екені немесе бар екені туралы мәліметтерді ұсынуды тиіс.

4. Тұрақты қадағалауды жүргізу тұрақты қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама шеңберінде азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарын жоспарлы тексеру арқылы жүзеге асырылады.

5. Азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде немесе одан тыс жерлерде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген сертификаттар (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік) негізінде өз қызметін жүзеге асыру кезінде сертификаттау талаптарын үнемі сақтайтынын растайтын ақпаратты, құжаттарды береді және мемлекеттік авиация инспекторларының өздерінің қарауындағы жерлер мен аймақтарда сертификаттау нысанасы болып табылатын ақпараттарға, құжаттарға, бұйымдарға, бөліктер мен жабдықтарға қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.

6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жоспардан тыс тексерулер жүргізу жөнінде шешім қабылдау үшін азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарының қаржы-экономикалық жағдайын бағалауға арналған деректерді қоса

алғанда, тұрақты қадағалау функцияларын орындау үшін деректерді жинайды және өңдейді.

16-2-бап. Тұрақты қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жыл сайын тұрақты қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаны қабылдайды, ол сертификатталған азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарының сертификаттау талаптарына сәйкестігін ұстау бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүргізетін іс-шаралар кешенін білдіреді.

2. Тұрақты қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарының тәуекелдер дәрежесін бағалау, оның ішінде азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарының қаржы-экономикалық жағдайын бағалау ескеріле отырып әзірленеді және сертификатта (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікте) көзделген қызмет түрлерін қамтиды.

Азаматтық авиацияның пайдаланушылары мен ұйымдары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға тоқсан сайын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қаржы-экономикалық жағдай туралы ақпарат береді.

3. Тұрақты қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама тексерулерді жоспарлауды, қадағалау мәселелері бойынша азаматтық авиацияның пайдаланушылары мен ұйымдарының лауазымды адамдарымен өзара іс-қимыл жасауды және жүргізілген тексерулер нәтижелерін есепке алуды қамтиды.

16-3-бап. Тұрақты қадағалауды жүзеге асыру кезінде анықталған, белгіленген талаптарды бұзушылықтар деңгейі және бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар

1. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу дәрежесіне қарай, тұрақты қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар бірінші және екінші деңгейдегі бұзушылықтар болып бөлінеді.

2. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды ұшу қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіретіндей елеулі бұзушылықтар бірінші деңгейдегі бұзушылықтарға жатады.

Бірінші деңгейдегі бұзушылыққа:

мемлекеттік авиация инспекторына азаматтық авиация пайдаланушысының және (немесе) ұйымының объектілеріне (әуе кемелерін, үйлерді, құрылыстарды, ангарларды, отын қоймаларын, қызметтік үй-жайларды қоса алғанда және оның аумағына) кіргізуден бас тарту;

ұсынылған құжаттарды бұрмалау арқылы азаматтық авиация пайдаланушысының немесе ұйымының сертификат (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік)

алуы, сертификаттау талаптарына сәйкестікте ұстауы;
азаматтық авиацияның пайдаланушысының немесе ұйымының заңға қайшы іс-қимылдар жасауы немесе сертификатты (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік) заңсыз пайдалануы;
азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның тиісті бекітуінсіз, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай органның бекітуіне жататын құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;
түзету іс-қимылдарының жоспарын азаматтық авиация пайдаланушысының немесе ұйымының белгіленген мерзімде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға оны бағалауды жүргізу үшін ұсынбау немесе екінші деңгейдегі заң бұзушылық кезінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілеген немесе ұзартқан мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындамау;
осы Заңға сәйкес, соның негізінде сертификаттың (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәліктің) қолданысы тоқтатыла тұратын не сертификатты (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті) қайтарып алатын өзге де жағдайлар кіреді.

3. Бірінші деңгейдегі бұзушылықтарға кірмейтін, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзудың барлығы екінші деңгейдегі бұзушылықтарға жатады.

4. Мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған кезде, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік авиация инспекторы азаматтық авиацияның пайдаланушысына немесе ұйымына анықталған бұзушылықтарды жою үшін түзету іс-қимылдарын қабылдау талабымен нұсқама жібереді.

Қажет болған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әуе кемесі тіркелген шет мемлекеттің құзыретті органына хабарлайды.

5. Бірінші деңгейдегі бұзушылық болған кезде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган азаматтық авиацияның пайдаланушысы немесе ұйымы анықталған бұзушылықтарды жойған кезге дейін осы Заңда белгіленген жағдайларда және тәртіпте, сертификатты (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті) қайтарып алу немесе оны толық немесе ішінара шектеу немесе қолданысын тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдайды.

6. Екінші деңгейдегі бұзушылықтар болған кезде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган:

1) анықталған бұзушылықтарды жою үшін бұзушылық анықталған кезден бастап үш айдан аспайтын мерзім белгілейді. Азаматтық авиация пайдаланушысы немесе

ұйымы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді. Бұзушылықтарды жою үшін белгіленген мерзім бекітілген түзету іс-қимылдары жоспарының мерзімдерін өзгерту қажеттігін негіздеу шартымен ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н ;

2) азаматтық авиация пайдаланушысы немесе ұйымы ұсынған анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын бекітеді не оны негіздемесімен қоса пысықтауға қайтарады.

7. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган азаматтық авиация пайдаланушысының немесе ұйымының түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуын және (немесе) жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындауын б а қ ы л а й д ы .

Көрсетілген жоспар азаматтық авиация пайдаланушысы немесе ұйымы инспекторлық нұсқаманы алған кезден бастап он күндік мерзімде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұсынылуы тиіс.

8. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдары тарапынан түзету іс-қимылдарын қоса алғанда, барлық анықталған бұзушылықтарды, оларды жою жөнінде қабылданған шаралар мен белгіленген мерзімдерді есепке алуды жүргізеді.

16-4-бап. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қызметі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның сертификаттауына жатпайтын, бірақ осы Заңның 10-2-бабында көзделген қызметке жататын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне бақылауды жүзеге асырады.

2. Бақылау жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жоспарлы және жоспардан тыс тексеру, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі талаптарын сақтаудағы олардың қызметін бақылау және талдау арқылы жүзеге асырылады.

Жоспарлы тексерулерді жүргізу тексеру парақтарының негізінде және тексеру жоспарында белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Бақылауды жүзеге асыру кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жоспардан т ы с т е к с е р у г е м ы н а л а р :

1) тексеру немесе бақылаудың өзге де нысандары нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы инспекторлық нұсқамалардың орындалуын бақылау;

2) адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру туралы не зиян келтіру қаупінің төнуі туралы жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарынан және жергілікті өкілді

органдардан ақпарат алу және өтініштердің түсуі;

3) өзінің қызметіне тексеру жүргізу туралы тексерілетін жеке немесе заңды тұлғаның бастамашылық өтініші;

4) егер оларға қатысты жоспарлы тексеру белгіленген болса, тексерілетін жеке тұлғаның тегінің, атының, әкесінің атының (бар болған кезде) немесе тексерілетін заңды тұлға атауының өзгеруі, сондай-ақ оның қайта ұйымдастырылуы;

5) бастапқы тексерумен келіспейтіні туралы тексерілетін жеке немесе заңды тұлғаның өтініш жасауына байланысты қайта тексеру негіз болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік авиация инспекторлары бұзушылықтарды жою туралы инспекторлық нұсқамалар береді.

16-5-бап. Шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелерін перрондық тексерулер

1. Шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелерін перрондық тексерулерді Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) стандарттарының негізінде әзірленген, нысанын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін тексеру парақтары негізінде мемлекеттік авиация инспекторлары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының халықаралық ұшулар үшін ашық әуежайында қонуды жүзеге асырған әуе кемесі мен экипаж тексеруге жатады.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жасалған келісімдер негізінде шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне жүргізілген перрондық тексерулер бойынша ақпарат жинауға және оны шет мемлекеттермен алмасуға а т с а л ы с а д ы .

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тиісті әуеайлақтардағы пайдаланушылар санын, әуе кемесінің типін және қону санын, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдер дәрежесін ескере отырып, есептеу әдісіне негізделген, шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне перрондық тексерулер жүргізудің жылдық жоспарын қабылдайды.

3. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, егер осындай әуе кемесінің бортында Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары не пайдаланушы сертификатының шарттары мен пайдалану шектеулері сақталмайды деп есептеуге негіз болса, шетелдік пайдаланушының азаматтық әуе кемесіне жоспардан тыс перрондық тексерулерді жүзеге асырады.

М ұ н д а й н е г і з д е р :

1) алдыңғы тексерулер және бақылаудың өзге де нысандары нәтижесінде бұрын анықталған бұзушылықтардың жойылуын бақылау;

2) адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру не зиян келтіру қаупінің

төнуі туралы жеке және (немесе) заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан ақпарат алу және өтініштердің түсуі;

3) өзінің әуе кемесі мен экипажына тексеру жүргізу туралы тексерілетін шетелдік пайдаланушының бастамашылық өтініші;

4) егер тексерілетін шетелдік пайдаланушыға қатысты жоспарлы тексеру белгіленсе, оны қайта ұйымдастыру және атауын өзгерту;

5) бастапқы тексерумен келіспейтіні туралы тексерілетін шетелдік пайдаланушының өтінішіне байланысты қайта тексеру болып табылады.

4. Шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне перрондық тексерулерді жүргізу кезінде мемлекеттік авиация инспекторлары инспекцияланатын әуе кемелерінің ұшуын негізсіз кідіртуді болғызбау қағидатын басшылыққа алады.

5. Шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне инспекциялауды жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мынадай түрде сыныпталады:

1) үшінші санаттағы бұзушылық – ұшу қауіпсіздігіне едәуір әсері бар пайдаланушы сертификатының белгіленген шарттары мен пайдаланудағы шектеулерін бұзу;

2) екінші санаттағы бұзушылық – ұшу қауіпсіздігіне елеулі әсері бар пайдаланушы сертификатының белгіленген шарттары мен пайдаланудағы шектеулерін бұзу;

3) бірінші санаттағы бұзушылық – ұшу қауіпсіздігіне болмашы әсері бар пайдаланушы сертификатының белгіленген шарттары мен пайдаланудағы шектеулерді бұзу.

Бұзушылықтарды осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген санаттарға жатқызу шарттары тексеру парағымен айқындалады.

6. Үшінші санаттағы бұзушылықты анықтаған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның:

1) әуе кемесін пайдалануға шектеу қоюға не Қазақстан Республикасының аумағында әуе кемесін пайдалануға дереу тыйым салуды енгізуге не анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шұғыл түзету іс-қимылдарын қабылдауды талап етуге не әуе кемесін жерде кідіртуге;

2) перрондық тексерудің нәтижелері туралы пайдаланушыға жазбаша түрде хабар беруге және қабылданған түзету іс-қимылдары бойынша дәлелді талап етуге;

3) пайдаланушы тіркелген мемлекет пен әуе кемесі тіркелген және ұшу экипажы куәлігін берген мемлекеттің құзыретті органдарына хабарлауға, сондай-ақ пайдаланушы қабылдаған түзету іс-қимылдарын келісу туралы құзыретті органдардан растауды сұратуға құқығы бар.

7. Егер экипаж Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) стандарттарының не пайдаланушы сертификатының шарттары мен пайдаланудағы шектеулердің анықталған бұзушылықтарын жою бойынша тиісті түзету іс-қимылдарын қабылдамастан, тексерілетін әуе кемесінде ұшуды орындау жөнінде іс-қимылдар жасады деп есептеуге негіз болған жағдайда, мемлекеттік авиация инспекторы әуе

кемесінің командирін және (немесе) пайдаланушысын қосымша нұсқау алғанға дейін әуе кемесінің мұндай ұшуға рұқсатының жоқ екендігі туралы хабардар етеді және әуе кемесінің жерде кідіртеді.

8. Әуе кемесі жерде кідірген жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, егер тіркеу мемлекеті пайдаланушы мемлекетінен өзгеше болса, әуе кемесін пайдаланушының мемлекеті мен ол тіркелген мемлекеттің құзыретті органдарына дереу хабар береді және осы органдармен бірлесіп әуе кемесі ұшуға рұқсат ала алатын қажетті шарттарды көздейді.

9. Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына қатысты Халықаралық азаматтық авиация ұйымы стандарттарының (ИКАО) не пайдаланушы сертификатының шарттары мен пайдаланудағы шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда, әуе кемесінің ұшуына тыйым салу:

1) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына қатысты бұзушылық жойылғандығын;
2) пайдаланушыда осындай әуе кемесінің арнайы ұшуына арналған рұқсаттың немесе әуе кемесі тіркелген мемлекеттің немесе пайдаланушы мемлекеттің құзыретті органы берген осыған ұқсас құжаттың болуын, сондай-ақ қажет болған кезде транзиттік мемлекеттердің олардың әуе кеңістігінен ұшып өтуге арналған рұқсаттың болуын растайтын құжаттаманы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға пайдаланушы ұсынғанға дейін сақталады.

10. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган екінші санаттағы бұзушылықты анықтаған кезде:

1) қабылданған түзету іс-қимылдары туралы растайтын құжаттаманы ұсынуды талап ете отырып, пайдаланушыға шешімі туралы жазбаша хабар береді;
2) әуе кемесін пайдаланушының мемлекеті мен ол тіркелген және ұшу экипажы куәліктерін берген мемлекеттің құзыретті органдарына хабар береді. Қажет болған жағдайда, пайдаланушы қабылдаған түзету іс-қимылдарымен осындай құзыретті органдардың келісуі туралы растауды сұратады.

11. Бірінші санаттағы бұзушылық анықталған кезде мемлекеттік авиация инспекторы оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін бұл туралы шетелдік пайдаланушының азаматтық әуе кемесінің командирін хабардар етеді.

16-6-бап. Мемлекеттік авиация инспекторы

1. Азаматтық және эксперименттік авиация саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы мемлекеттік авиация инспекторы болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік авиация инспекторының қызметіне жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың араласуына жол берілмейді.

2. Мемлекеттік авиация инспекторларының өз міндеттерін орындау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді жүзеге асыру үшін ангарларды, отын қоймаларын, пайдаланушылардың қызметтік үй-жайларын және авиациялық оқу орталықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы әуежайларының барлық бақыланатын аймақтарына, әуе кемелеріне және азаматтық авиация ұйымдарының объектілеріне кедергісіз кіруге;

2) авиация персоналының біліктілігі туралы ақпаратты қоса алғанда, азаматтық авиацияның пайдаланушылары мен ұйымдарынан ақпарат, құжаттар сұратуға, сондай-ақ оларды ұсыну мерзімдерін белгілей отырып, өз функцияларын орындау үшін қажетті түсініктемелер мен материалдарды талап етуге;

3) оларды орындау мерзімдерін белгілей отырып, азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымының лауазымды адамдарына ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша инспекторлық н ұ с қ а м а л а р б е р у г е ;

4) әуе кемесінің кабинасында немесе салонында болу құқығымен ұшу кезінде пайдаланушымен келісу бойынша азаматтық әуе кемесінің бортында болуға құқығы б а р .

3. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік авиация инспекторлары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен осы Заңда белгіленген тәртіпке сәйкес тексерулер жүргізуге;

3) тексеру жүргізу кезеңінде азаматтық авиация ұйымының белгіленген жұмыс режиміне к е д е р г і к е л т і р м е у г е ;

4) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзудың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

5) авиация персоналы куәлігінің, кеме, ұшу құжаттамасының, сертификаттардың, рұқсаттардың және берілуі осы Заңда көзделген құжаттардың болуын, сондай-ақ шетелдік кемелерді қоса алғанда, азаматтық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы талаптарына және тексеру парағына сәйкес Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына с ә й к е с т і г і н т е к с е р у г е м і н д е т т і .

4. Азаматтық авиацияның пайдаланушысы немесе ұйымы, тексеруге жататын объектілер, құралдар әуеайлақ (тікұшақ айлағы) аумағында болған кезде, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы оларға мемлекеттік авиация инспекторының қызметтік куәлікті көрсетуі негізінде кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Мемлекеттік авиация инспекторлары Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдары

қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы (бюджет) негізінде белгіленетін ақшалай ризықпен қамтамасыз етіледі.

Ақшалай ризық ақшалай үлесті (лауазымдық айлықақы), ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақыларды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін басқа да үстемеақылар мен сыйлықақыларды қамтиды.

6. Мемлекеттік авиация инспекторлары талап етілетін кәсіптік даярлық деңгейін ұстап тұру үшін кезең-кезеңмен:

- 1) кәсіптік деңгейді ұстау жөніндегі курстарда оқытудан өтуге;
- 2) авиациялық техниканы пайдаланып және (немесе) авиациялық тренажерлерде жаттығудан өтуге;
- 3) азаматтық авиация және пайдаланушылар ұйымдарында кәсіптік даярлықты (біліктілікті) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мемлекеттік авиация инспекторларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін ұстау қағидаларында белгіленген көлемде және деңгейде ұстауға тиіс.

7. Ұшуда авиациялық инспекцияларды жүзеге асыру және авиациялық техниканы пайдалана отырып біліктілік деңгейін ұстау кезінде мемлекеттік авиация инспекторларының өмірі мен денсаулығын сақтандыру Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

11) 17 - бапта :

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) әуе трассаларынан және жергілікті әуе желілерінен тыс, әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан ұшып өту кезінде аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысын басқару органдары немесе әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жүзеге асырады.»;

3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

6 және 9-тармақтар алып тасталсын;

12) 19-баптың 3-тармағының екінші, үшінші және төртінші бөліктері алып тасталсын ;

13) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетуді ұсыну

1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылар үшін аэронавигациялық қызмет көрсету шарттар (жария шарттар) негізінде жүзеге асырылады .

2. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушыларға ұсынылатын аэронавигациялық қызмет көрсету:

1) апатқа ұшырау жағдайындағы немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері, сондай-ақ борттағы авариялық жағдайға, материалдық бөлігінің істен шығуына немесе ақауы болуына байланысты маршруттары өзгертілген әуе кемелері әуе кемесінің ұшып бара жатқан жері айқындалған кезден бастап;

2) іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін әуе кемелері;

3) дүлей зілзалалар кезінде халыққа медициналық және (немесе) гуманитарлық көмек көрсету үшін әуе кемелері;

4) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелері;

5) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін, корольдік тұлғаларды, шет мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшыларын тасымалдайтын әуе кемелері;

б) егер шарт ережелерінде әуе қозғалысына қызмет көрсеткені үшін ақы төлеуден босату көзделген болса, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес ұшуды орындаған жағдайларда, өтеусіз жүзеге асырылады.

3. Ұсынылатын аэронавигациялық қызмет көрсетулер үшін әуе кеңістігін пайдаланушылардан төлемақы алуды аэронавигациялық ұйым жүзеге асырады. Аэронавигациялық қызмет көрсетуге кіретін қызметтерді ұсынуға қатысушы ұйымдармен құқықтық қатынастарды реттеу шарттар негізінде жүзеге асырылады.»;

14) 31-баптың 2-тармағының екінші сөйлемі алып тасталсын;

15) мынадай мазмұндағы 35-1-баппен толықтырылсын:

«35-1-бап. Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына

қызмет көрсету органдарын және (немесе)

радиотехникалық жабдықты пайдалану және

байланыс қызметтерін сертификаттау

1. Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтері аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтеріне қойылатын сертификаттық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Көрсетілген органдар мен қызметтердің сәйкестігі аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметінің сертификатын берумен расталады. Сертификат аэронавигациялық ұйымның құрамына кіретін әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарының және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтерінің барлығына не бір бөлігіне ресімделеді.

Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарын және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтерін сертификаттауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарын және (

немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтерін сертификаттау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Егер аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметі қойылатын сертификаттық талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметі сертификатын беруден бас тарту жүргізіледі.

4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметі сертификатының қолданысын мынадай жағдайларда :

1) аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметі сертификаттық талаптарды сақтамаған жағдайда ;

2) аэронавигациялық ұйымның өзінің қарауындағы әуе қозғалысына қызмет көрсету органына немесе радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметіне қатысты өтініші бойынша бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтата тұрады.

5. Егер аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметі - аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметі сертификатының қолданысын тоқтата тұрған күннен бастап алты ай ішінде анықталған бұзушылықтарды жоймаса, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тиісті сертификатты қайтарып алады .

6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сертификаттық талаптардан уақытша ауытқуларға, егер мұндай ауытқулар белгіленген ұшу қауіпсіздігінің деңгейіне баламалы деңгейді қамтамасыз ететін қосымша шаралар енгізумен өтелетін болса, жол беріледі.»;

16) 38-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасында пайдалануға арналған азаматтық әуе кемесін Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) жергілікті жердегі шуылға қатысты талаптарға сәйкестігіне азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатына қосымша болып табылатын шуыл жөніндегі сертификатты бере отырып, сертификаттайды.»;

17) 40-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсаттарда өзгеше көзделмесе , шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелерімен Қазақстан Республикасының аумағында қалыптастырылатын коммерциялық әуе тасымалына

байланысты тұрақты емес (бір реттік) халықаралық ұшуды орындауға жол берілмейді.» ;

18) 41-баптың 9 және 10-тармақтары алып тасталсын;

19) 43-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ұшу жарамдылығына әсер ететін, азаматтық әуе кемесі үлгісінің бекітілген конструкциясы (типтік конструкциясы) немесе оның пайдалану-техникалық құжаттамасы өзгерген жағдайда, әуе кемесінің осы үлгісі үлгі сертификатына қосымшаны алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның қосымша сертификатауына жатады.» ;

20) 44-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттауды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, Азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру қағидаларына сәйкес әуе кемелері пайдаланушыларын біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.» ;

21) 45-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғаларының меншігіндегі азаматтық әуе кемелеріне құқықтар және аталған әуе кемелерімен жасалатын мәмілелер, сондай-ақ қайтарылмайтын өкілеттіктер азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеуіне жатады.» ;

Азаматтық әуе кемелерін, әуе кемелерінің кепілі туралы шарттарды және қайтарылмайтын өкілеттіктерді мемлекеттік тіркегені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу көрсетілген алым мемлекеттік бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.» ;

22) 46-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы «болмаған жағдайларда Қазақстан Республикасы әуе кемелерінің тиісті тізілімінен шығарылады.» деген сөздер «болмаған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) қайтарылмайтын өкілеттікті атқарған жағдайларда, Қазақстан Республикасы әуе кемелерінің тиісті тізілімінен шығарылады.» ;

23) 47-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық әуе кемесі ұшуға жарамды болуға тиіс және ұшуға жарамдылықтың қолданыстағы сертификаты болған кезде пайдалануға жіберіледі.

Егер азаматтық әуе кемесі құрастырылған, жасалған, жарақтандырылған және техникалық қызмет көрсету мен жөндеуден өткен болса, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес оның ұшу сапасы болса, ұшуға жарамды деп т а н ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшқан кезде шетелдік әуе кемесінің Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары негізінде шет мемлекет берген және Қазақстан Республикасында танылған ұшуға жарамдылығының сертификаты мен шуыл бойынша сертификаты болуға тиіс.
Ұшуға жарамдылығының сертификаты:

1) пайдалануға жарамдылық туралы бағалау актісімен расталған, азаматтық әуе кемесінің Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі негізінде;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларына сәйкес;

3) Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларына сәйкес беріледі.

Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Аса жеңіл авиация әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бекітілген типтік конструкциясы жоқ әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы . » ;

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкес болмауы жойылмаған жағдайда, тоқтатыла тұрған күннен бастап алты ай ішінде ұшуға жарамдылық сертификаты қайтарып алынады.» ;

24) 48-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.» ;

25) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«51-бап. Әуе кемесін жалдау

1. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген әуе кемесінің меншік иесі болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары немесе ұйымдары кемені экипажымен қоса немесе экипажсыз Қазақстан Республикасының пайдаланушысына немесе шетелдік пайдаланушыға жалға беруге

қ ұ қ ы л ы .

Қазақстан Республикасының пайдаланушысы Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің азаматтарына немесе ұйымдарына тиесілі әуе кемесін экипажымен қоса немесе экипажсыз жалға алуға құқылы.

2. Шетелдік жалға алушының Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген не оның пайдаланушысы Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымы болып табылатын жалға алынған әуе кемесінде ұрыс қимылдары, қарулы қақтығыстар аймағында ұшуды орындауына және қару-жарақтарды, оқ-дәрілерді, әскери құралымдарды тасымалдауға байланысты ұшуды орындауына тыйым салынады.

3. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мен Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес шетелдік пайдаланушы тіркелген шет мемлекеттің құзыретті органы арасында жасалған келісім болмаса, Қазақстан Республикасының әуе кемесін шетелдік пайдаланушыға экипажсыз жалға беруге жол берілмейді. Мұндай келісім Халықаралық азаматтық авиация ұйымында (ИКАО) тіркелуге тиіс.

4. Шетелдік пайдаланушыға экипажсыз жалға берілген Қазақстан Республикасы әуе кемесінің пайдаланылуын бақылау және қадағалау осы баптың 3-тармағында көрсетілген келісімнің негізінде жүзеге асырылады.»;

2 6) 5 4 - б а п т а :

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«54-бап. Азаматтық авиацияның авиация персоналын кәсіптік даярлау және қызмет түрлеріне жіберу

1. Азаматтық авиацияның авиация персоналын кәсіптік даярлау бастапқы даярлауды, қайта даярлауды және кәсіптік деңгейде ұстауды қамтиды.

Авиация персоналын бастапқы даярлау және қайта даярлау авиациялық оқу орталықтарында жүзеге асырылады.

Кәсіптік деңгейін ұстау авиациялық оқу орталықтарында және (немесе) азаматтық авиация ұйымдарында жүзеге асырылады.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындауға құқығы бар жеке тұлғалардың тізбесін айқындайды. Мұндай адамдар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілейтін біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.»;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Авиация персоналына жататын адамдар кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша кәсіптік даярлықтан өтуге міндетті.»;

үшінші бөліктің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Авиация персоналына, сондай-ақ міндетті медициналық куәландырылуға жататын

адамдар санатына денсаулық жағдайы бойынша қойылатын талаптар Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары негізінде әзірленген және денсаулық сақтау саласы мен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органдар бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру қағидаларымен белгіленеді.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Авиация персоналы куәлігін беру және қолданылу мерзімін ұзарту, сондай-ақ куәлікке біліктілік белгілері мен арнайы белгілерді енгізу азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Авиация персоналы куәліктерін беру және қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларымен айқындалады.»;

мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2 және 6-3-тармақтармен толықтырылсын:

«6-1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мынадай:

1) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына әсер ететін жұмыстарды орындаудың технологиясы сақталмаған;

2) тексерулер кезінде кәсіптік даярлығы жеткіліксіз деп анықталған;

3) ұшуды қамтамасыз ету және орындау кезінде, әуе қозғалысына қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсету кезінде белгіленген талаптарды ұдайы түрде немесе бір рет өрескел бұзған;

4) қызметтік міндеттерді орындауға жататын жазбалар мен оларға байланысты деректер бұрмаланған;

5) алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық (оларға ұқсас заттармен) масаң күйде әуе кемесін басқаруға, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге, әуе қозғалысына қызмет көрсетуге байланысты қызметті орындаған жағдайларда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген не танылған авиация персоналы куәлігінің иесі болып табылатын адамның авиация персоналы куәлігінің (тану туралы шешімнің) қолданылуын тоқтата тұрады.

6-2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мынадай:

1) өздеріне ұсынылған құжаттарды бұрмалау арқылы куәлік (тану туралы шешім) алған;

2) қызметтік міндеттерді орындауға жататын жазбалар мен оларға байланысты деректер бұрмаланған;

3) авиация персоналы куәлігін жоғалтып алған, тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде) ауыстыру себебімен және басқа да техникалық себептермен оны ауыстырған;

4) денсаулық жағдайына байланысты зейнетке шыққан немесе қайтыс болған (жұмыс орнынан деректер ұсыну бойынша);

5) жұмыста бес жылдан астам үзіліс болған жағдайларда;

6) сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және

авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және танылған авиация персоналы куәлігінің иесі болып табылатын адамның авиация персоналы куәлігін (тану туралы шешімді) қайтарып алады.

6-3. Авиация персоналы куәлігін тоқтата тұру, сондай-ақ авиация персоналына жататын жеке тұлға болып табылатын өтініш берушіден (иесінен) оны қайтарып алу тәртібі мен мерзімдері Авиация персоналы куәлігін беру және оның қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларымен айқындалады.»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Азаматтық және эксперименттік авиацияның ұшу қауіпсіздігіне тікелей байланысты авиация персоналының жұмыс уақыты режимінің ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

9 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

27) 56-баптың 1-тармағының екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Азаматтық әуе кемесінің экипажы кабина экипажын қоса алғанда, ұшу экипажынан және ұшу экипажынан басқа экипаждан тұрады.

Осы Заңның 54-бабына сәйкес берілген авиация персоналының қолданыстағы куәлігі немесе шет мемлекет берген және осы Заңның 55-бабына сәйкес танылған авиация персоналының куәлігі болған кезде, адам Қазақстан Республикасы пайдаланушысының азаматтық әуе кемесінің ұшу экипажының және ұшу экипажынан басқа экипаждың құрамына кіретін пилот, бортинженер (бортмеханик), штурман немесе бортрадист лауазымын атқарады.»;

2 8) 5 7 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Азаматтық авиация әуе кемесінің командирі қолданыстағы пилот куәлігі және белгілі бір типтегі әуе көлігін өз бетінше басқаруға арналған рұқсаты бар және пайдаланушы немесе жалпы мақсаттағы авиация жағдайында әуе кемесінің иесі командир міндетін орындауға және ұшудың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз етуге тағайындаған пилот болып табылады.»;

5-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тиісті авиациялық қауіпсіздік қызметтері болмаған кезде жолаушыларды, қол жүгін, багажды және жүктерді ұшу алдында тексеріп қарауды жүргізуге;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Авиациялық оқиға болған жағдайда әуе кемесінің командирі өз өкілеттіктерін әуе кемелерін іздестіру және құтқару қызметтері өкілдеріне бергенге дейін әуе кемесінің бортындағы адамдардың іс-қимылдарына басшылық жасайды.»;

2 9) 6 0 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Пайдаланушының сертификатында және (немесе) авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікте белгіленген пайдалану талаптары мен шектеулерді пайдаланушының бұзуына тыйым салынады. Бір әуе кемесін екі және одан да көп пайдаланушының сертификатына бір мезгілде енгізуге жол берілмейді.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Пайдаланушы коммерциялық әуе тасымалдарын алты айдан астам мерзімге тоқтатқан жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган пайдаланушы сертификатын қайтарып алады.»;

30) 61-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограмнан кем болатын ұшақтарды, сертификатталған ең жоғары ұшу массасына қарамастан тікұшақтарды, сондай-ақ ұшу аппараттары мен қосалқы құрылғыларды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу үшін мынадай шарттарды сақтау:»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ұшу қауіпсіздігін әуе кемесінің командирі (пилот) және жалпы мақсаттағы авиацияның пайдаланушысы болып табылатын әуе кемесінің иесі қамтамасыз етеді.»;

31) 64-баптың 1-тармағының бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Меншік құқығымен не өзге де заңды негіздерде әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланатын, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғасы әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы деп танылады.

Меншік құқығымен не өзге де заңды негіздерде әуежайды пайдаланатын Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің заңды тұлғасы ғана әуежайды пайдаланушы болады.»;

32) мынадай мазмұндағы 65-1-баппен толықтырылсын:

«65-1-бап. Аэровокзал

1. Ішкі рейстерге қызмет көрсетуге арналған аэровокзалда авиакассалар, тіркеу үлдіріктері, тіркеу, күту, ұшу және ұшып келу залдары, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, оның ішінде мүгедектер мен халықтың баяу қимылдайтын топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету объектілері, медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті сақтау пункті, жоғалған заттарды табу бюросы болуға тиіс.

2. Халықаралық рейстерге қызмет көрсетуге арналған аэровокзалда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуежайларды ашу және жабу қағидаларының талаптарына

сәйкес қосымша объектілер мен үй-жайлар болуға тиіс.

3. Аэровокзалдарда халық авиарейстердің ұшу және ұшып келу уақыты, авиабилет құны және олардың бар-жоқ екендігі, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітапшасының тұрған орны, авиакассалардың жұмыс режимі, үй-жайлардың орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы анық ақпаратпен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Ақпаратты ұсыну тілдерді, мәтіндерді, Брайль қарпін, тактильдік қатынасты, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектер үшін д е қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

4. Өтетін және шығатын жолдар мүгедектер мен халықтың баяу қимылдайтын топтары үшін қолжетімді болуға (пандустармен, арнайы бейімделген лифтілермен ж а б д ы қ т а л у ғ а) т и і с .

5. Халыққа қызмет көрсетуге арналған аэровокзалдар ақаусыз техникалық ж а й - к ү й д е ұ с т а л у ғ а т и і с .

6. Аэровокзалдарда қызметін жүзеге асыратын адамдар жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оларға қажетті жағдайлар жасауға, мәдениетті түрде қызмет көрсетуге, барлық адамдармен сөйлескенде сыпайы және ұстамды болуға, олардан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды талап етуге тиіс.

7. Аэровокзалдар тасымалдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдаланылуға тиіс.

8. Аэровокзалдың класына қарай аэровокзалдардың қызмет көрсету сапасы мен жарақтандырылуына қосымша талаптар қойылады.

Аэровокзал класы мен аэровокзал класын айқындау әдістемесін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

33) 70-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Шет мемлекеттердің мемлекеттік және эксперименттік әуе кемелерінің халықаралық ұшуы, сондай-ақ шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарақтарын және әскери техникасын тасымалдауға арналған әуе кемелерінің халықаралық ұшуы үшін ашылған әуежайларды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

34) 78-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі 3) тармақшасындағы «болған жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.» деген сөз «болған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жолаушылар әуе кемесінің бортында осы Заңның 88-бабында көзделген өз міндеттерін орындамаған жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.»;

35) 80-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) белгіленген кестеге сәйкес тұрақты әуе тасымалдарын қамтамасыз ету үшін авиакомпанияда болжамды кірісті ескермегенде бір ай ішінде қажетті қаржы қаражатының азаймайтын резервінің болуы авиамаршрутты пайдаланудың талаптары

д е п

т ү с і н і л е д і . » ;

36) 86-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1. Тасымалдаушының кінәсінен рейс орындалмаған немесе кідіртілген немесе әуе кемесінің кеш келуі, тасымалдау маршрутының өзгеруі салдарынан рейс кідірген, орындалмаған кезде тасымалдаушы жолаушылар үшін жөнелту пункттері мен аралық п у н к т т е р д е м ы н а д а й : » ;

37) 88-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ұшудың барлық кезеңдерінде ұялы, транкингітік байланыс қызметтерін пайдалануға, әуе кемесін жермен жүру, биіктікті алу, қонуға бет алу кезеңдерінде тұрмыстық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.»;

38) 93-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тергеуді ұйымдастыру кезінде авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды тергеу жөніндегі комиссияның қызметіне, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, басқа да мемлекеттік органдардың тарапынан араласуға жол берілмейді.»;

3 9) 9 8 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі 4) тармақшасындағы «ұйымдастыруды қамтуға тиіс.» деген сөздер «ұйымдастыруды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) т а р м а қ ш а м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«5) азаматтық авиация ұйымдары іздестіру-құтқару операцияларын (жұмыстарын) жүзеге асырған және оны қамтамасыз етуге қатысқан кезінде олардың шығынын өтеу т ә р т і б і н қ а м т у ғ а т и і с . » ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Азаматтық авиацияда әуе кемелерінің іздестіру-құтқару кезекшілігін қамтамасыз ету аэронавигациялық қызмет көрсету үшін алынатын алымдар есебінен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . » ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының аумағында кез келген мемлекеттің әуе кемелерін, жолаушылар мен экипаж мүшелерін іздестіру және құтқару жөніндегі жұмыстар мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»;

40) 105-бап мынадай мазмұндағы 1-1 және 2-1-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. Әуежайлар мен авиакомпаниялар пайдаланушыларының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік қару мен оның оқ-дәрілерін сатып алуға, сақтауға және пайдалануға құқығы бар.»;

«2-1. Егер әуе кемесі заңсыз араласу актісіне ұшыраса, әуе кемесінің командирі, егер әуе кемесінің бортындағы жағдай өзгені талап етпесе, Авиациялық қауіпсіздік қағидаларына сәйкес, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган айқындаған

қолайлы әуеайлаққа аса қысқа мерзімде қону әрекетін жүзеге асырады.»;

41) 106-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметтері қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік қару мен оның оқ-дәрілерін қолдануға, сақтауға және алып жүруге құқығы бар.».

20. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат) :

1) 12-баптың 3-тармағы 21) тармақшасындағы «сақтауына байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.» деген сөздер «сақтауына;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

«22) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері және әскери құрамалары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар күзететін Қазақстан Республикасының объектілерін қоспағанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жағдайына және олардың басшыларының Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтауына бақылауды жүзеге асыруға байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.»;

2) көрсетілген Заңның қосымшасында:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2) және 75-2) тармақшалармен толықтырылсын :

«12-1) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында;

12-2) ішкі су көлігі саласында;»;

«75-2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері және әскери құрамалары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар күзететін Қазақстан Республикасының объектілерін қоспағанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жағдайына және олардың басшыларының Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды орындауына;» .

21. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат) :

114-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттармен және тәртіппен ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компания акцияларын төлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған жағдайларда өзге де заңды тұлғаларға берілуі мүмкін. Сондай-ақ жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлікті иелену және (немесе) пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 59-бабы 1-тармағының және «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының қағидалары бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде не акционерлік қоғам акцияларын төлеуге берілуі мүмкін.»

22. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 5, 40-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 10-құжат ; № 3 , 15 - қ ұ ж а т) :

35-баптың 5-тармағы 4) тармақшасындағы «дейін беріледі.» деген сөздер «дейін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:
«5) кемелер экипаждарының тиісті білімі бар мүшелеріне су көлігі ұйымдарында жұмыс істеген бүкіл кезеңге беріледі.»

2 - б а п . О с ы З а ң :

1) 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 2, 4 және 5-тармақтарын, 9-тармағының 1) тармақшасын, 10-тармағының 4) тармақшасын, 13-тармағы 12) тармақшасының бесінші абзацын, 14-тармағы 10) тармақшасының оныншы абзацын, 16-тармағының 12) және 24) тармақшаларын, 17-тармағы 14) тармақшасының жетінші абзацын, 18-тармағын, 19-тармағы 9) тармақшасының алтыншы абзацын, 10) тармақшасының бір жүз екінші, бір жүз үшінші және бір жүз төртінші абзацтарын, 15), 32) және 39) тармақшаларын;

2) 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 8-тармағы 6) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын және 12) тармақшасын;

3) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 1-тармағы 18) тармақшасының оныншы және он бірінші абзацтарын, 13-тармағы 19) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 16-тармағы 19) тармақшасының үшінші және бесінші абзацтарын, 25) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын және 29) тармақшасын;

4) 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 16-тармағы 19) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК